The workplace – Finally, it is important that teachers know the context in which they work very well. This involves academic aspects such as syllabuses, assessment procedures, and knowledge of the supplementary materials they can count on, as well as more practical concerns like the use of audio, video or computer equipment.

In addition to knowing about the subject matter, theories of learning and teaching, the students, and the workplace, teachers should aim at improving their ability to put all this knowledge into practice and becoming more skilful at teaching. This can be achieved by having a daring and exploratory attitude towards teaching which involves trying out different methods, techniques and

activities again and again, reflecting on their effectiveness, and capitalizing on these experiences in order to make the necessary changes to their teaching habits.

Trying out new ideas in the classroom has the additional benefit of making the activity of teaching much more interesting. Having an exploratory attitude towards teaching helps to prevent the feeling of being stuck in a rut, i.e. working on the same teaching points in the same way year after year.

Becoming more skilful at a certain activity has a lot to do with being aware of one's own strengths and weaknesses, which is the aspect that is discussed in the next paragraph.

Teachers can develop further by increasing their self-awareness. What kind of teachers are they? How are they perceived by their students and colleagues? What are the strengths they should capitalize on and the weaknesses they should be working on? Self-awareness can be raised in a number of ways:

- Teachers can make audio or video recordings of their lessons and watch, analyze and reflect on the recordings afterwards.
- They can invite a colleague to sit in while they teach and ask them for feedback after the lesson.
- Observing other teachers teach can be very enlightening. It helps teachers to compare different teaching styles, practices, etc. and become more aware of what kind of teachers they are, or they are not.
- The students themselves can provide teachers with very valuable feedback on their performance. Implementing instances for the collection of this kind of feedback regularly can be very valuable.
- Teachers can benefit from whatever evaluation system is implemented at their workplace if they regard it as an awareness-raising opportunity leading to professional development.

Finally, teacher development has much to do with developing and sustaining a positive attitude towards the activity of teaching and oneself as a teacher. Teachers must plan their lessons regularly, aim at being better informed about their profession, obtain a teaching certificate, diploma or degree, and respect themselves, their colleagues and their students.

In addition, teachers should try not to allow personal problems to affect their teaching or feel discouraged when facing new challenges which at first may seem insurmountable. They should enjoy themselves when teaching, treat themselves to something nice when they achieve their aims, and take a well-deserved rest when they have the opportunity to do so.

Teachers' questions are not easy to answer and some of the solutions that have been suggested may not be simple to implement. Neither is the aforementioned list of options and exhaustive account of what teachers can do to develop professionally. However, I hope the present article has shed some light on some of the possible ways in which teachers can face the problems of developing self-confidence and their teaching ability.

1. Freeman, D (1989): *"Teacher Training, Development, and Decision Making: A Model of Teaching and Related Strategies for Language Teacher Education"* in TESOL Quarterly 23/1: 27 - 45.
2. Underhill, A (1986): *Editorial in Teacher Development Newsletter* 9: 4
3. Rossner, R (1992): *"Where there's a will – facilitating teacher development"* in Teacher Development Newsletter 18: 4 - 5
4. Adrian Underhill: (IATEFL Issues, June/July 1999, 149: 17).
5. www.onestopenglish.com

Профессиональное развитие: развития педагогического мастерства и формирования уверенности учителя
Резюме

В статье рассматриваются проблемы совершенствования обучения и дается советы и предложения о том, как учителя могут улучшить свое личное развитие и уверенность в себе.

Саурукова Гулбагира-Докторант университета Southwest, г. Чунцин (Китай)
gulbagirasaurukova@mail.ru

Научный руководитель: **Ибинг Лью**, PhD профессор Университета Southwest
liuyb@swu.edu.cn

Ключевые слова: обучающая способность, развитие учителя, уверенность в себе, педагогическое образование, стратегии подготовки учителей, обратная связь.

Түйіндеме

Саурукова Гулбагира- Southwest университетінің докторанты, Чунцин қаласы (Қытай)
gulbagirasaurukova@mail.ru

Ғылыми жетекшісі- **Ибинг Лью**, докторант, Southwest университетінің профессоры, Чунцин қаласы (Қытай) liuyb@swu.edu.cn

Кәсіби даму: оқытушының кәсіби біліктілігін жетілдіру және сенімділігін қалыптастыру жолдары

Мақалада оқыту мен кәсіби шеберлігін жетілдіру мәселелері қарастырылып, оқытушылардың өзіндік дамуы мен оқытуда сенімділігін қалыптастыру үшін кеңестер, сондай-ақ ұсыныстар беріледі.

Түйін сөздер: оқыту біліктілігі, оқытушыны дамыту, өзіне-өзі сенімділік, педагогикалық білім, оқытушыларды даярлау стратегиялары, кері байланыс.

УДК 378.016.811.111

Ағылшын тілін оқыту барысында когниті- коммуникативтік дағдысын қалыптастыруда жаңа технологиялардың маңызы

Әлжан Рахила- Абай атындағы ҚазҰПУ 6M011900 – «Шет тілі: «екі шет тілі» мамандығының 2 курс магистранты,

Асқарова С.А. – ф.ғ.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ (askarova.1950@mail.ru)

Бұл мақалада ағылшын тілі сабағында оқушылардың когниті- коммуникативтік дағдысын дамытудың маңыздылығы қарастырылған. Коммуникативтік құзірет қалыптастыруда оқытудың инновациялық технологияларының рөлі белгілі ғалымдардың еңбектерін негізге ала отырып көрсетілген. Шет тілін оқыту әдістемесінде когниті- коммуникативтік дағдысын қалыптастырудың негізі болып табылатын әдіс-тәсілдерді меңгерту көзделеді, атап айтқанда тыңдалым, айтылым, жазылым, естілім. Когниті- коммуникативтік дағдысын қалыптастыруда жаңа технологияның маңызы зор екендігін анықтаған .

Түйін сөздер: когниті- коммуникативтік дағдысын, инновациялық технология, бәсекеге қабілетті, лингвистикалық әдебиеттер.

Кез келген елдің болашағы білім беру жүйесінің және зиялылар қауымының деңгейіне байланысты болғандықтан, Қазақстан халқына да әлемнің дамыған елдерімен тең дәрежеде білім беру қажеттігі күмән тудырмайды. Әлемдік білім кеңістігіндегі оқытудың озық

технологияларын қамтитын жаңа білім мазмұны шынайы жарыс, адал бәсекеге қабілетті адам тәрбиелеуді қамтамасыз етуі тиіс.

Коммуникативтік әдіс – оқушы мен мұғалімнің тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын, белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларға тән басты белгілер мен қағидалардың басты жүйесінен тұратын, тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі.

Коммуникативтік оқыту тілдік әрекеттің барлық түрінде қалыптасады – тыңдауда да, сөйлеуде де, оқығанда да, жазғанда да, өйткені ол оның іске асуын қамтамасыз етеді.

Лингвистикалық, әдістемелік әдебиеттердің көпшілігінде сөйлесім әрекетін төрт түрге бөліп қарастыру тұрақты орын алған. Олар: сөйлеу, оқу, жазу, түсіну.

Когнитивті- коммуникативтік дағдысын, тілдік дағдыларды қалыптастыру дегеніміз – педагог-ғалым Ж.Аймауытовтың сөзімен айтқанда: «баланы сөйлеуге, басқалардың сөзін ұғуға, өз бетімен жазуға, оқуға төселдіру. Бірақ бұл мағынасыз әдеттендіру, құрғақ төселдіру емес, тілге жаттықтырумен бірге баланы ойлауға да жаттықтыру» [1, 30]. Ал М.Жұмабаевтың айтуынша, «баланың тілін шын дұрыс жолға салатын, дұрыстайтын, байытатын – мектеп» [2, 102].

Когнитивті- коммуникативтік дағдысын мектептегі оқыту үрдісінде, негізінен тіл сабақтары барысында қалыптасады. Олай болса, білім беру мазмұны оқушыны тұлға ретінде қалыптастыра отырып, ағылшын тілінде ауызекі және жазба тілде сауатты сөйлеу, ересектермен, сыныптастарымен еркін қарым-қатынас жасай білу, айтылғанды ыждаһатпен тыңдап, түсіну, өз пікірін жеткізе білу, дұрыс оқу және сауатты жазу, т.б. дағдыларын, соның нәтижесінде өздігінен білім алу, алған білімін өмірлік жағдаяттарға сәйкес қолдана білу қабілеттерін, өмірдегі мәселелерді шешуге арналған білік-дағдыларын дамытуға бағытталуы тиіс.

Ф.Ш. Оразбаева өзінің «Тілдік коммуникация негіздері» атты еңбегінде: «Коммуникация – қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланысу деген мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдің әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді», – деп атап көрсетеді [3, 202].

Коммуникация арқылы адамдар бір-біріне ойын жеткізіп, белгілі бір нәрсені хабарлап қана қоймайды, сонымен қатар олар өзара түсініседі, пікір алмасады, бірінің ойын екіншісі ұғады. Екі адамның бірінің жанын бірі ұғуы бір топтың түсінісуіне, ол топтың пікір алмасуы қоғамның жетілуіне әкеледі.

Коммуникативтік процесс, негізінен, вербалды яғни, сөйлеу мен сөзге негізделген және бейвербалды яғни сөзге негізделмеген коммуникация деп екіге бөлінеді. Вербалды коммуникация сөйлеу барысында жүзеге асырылады. Сөйлеу арқылы біз табиғи тілдік дыбыстарды, сондай-ақ, фонетикалық таңбаларды, оның екі негізгі лексикалық және синтаксистік мағынасын түсінеміз. Сөйлеу – коммуникацияның әмбебап құралы – адамдардың танымдық-еңбек процесінде бір-бірімен қарым-қатынас жасау, пікір алысу, ой бөлісу, ақпарат беру, т.б. әрекеттерінің айрықша формасы болып табылады.

Коммуникативтік мәселелерді шешу сатыларын проблемалық жағдайларды шешу сатыларына ұқсастықтар бойынша белгілеуге болады, атап айтқанда: мәселені түсіну, мәселені қабылдау, шешу тәсілдерін қарастыру, таңдап алынған тәсілдерді жүзеге асыру, нәтижеге қол жеткізу, нәтижені бағалау, бұған өзін-өзі бағалау да кіреді. Бұны төмендегі сабақ мазмұнынан аңғаруға болады:

Тақырыбы: Work. The most interesting thing in a job.

Сыныбы: 7

Мақсаты:

I. Білімділік: оқушыларға түрлі мамандықтар, олардың атқаратын қызметтері, жұмыстың ең қызықты кезеңдері жайлы түсіндіру;

II. Дамытушылық: оқыту кезінде әр түрлі әдіс тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың белсенділігін, қызығушылығын арттыра отырып, көпшілік алдында еркін сөйлеуге дағдыландыру;

III. Тәрбиелік: мамандық пен жұмыстың әр түріне құрметпен қарау.

Міндеті:

- мамандық жайлы ақпарат алу;

- сыни тұрғыдан ойлау арқылы жаңа білімді ұштай білуге дағдылану;

- топта жұмыс жасауға қалыптасу;

Сабақтың түрі: Аралас сабақ

Қолданылатын модульдер: Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, оқытуда АКТ-ны пайдалану, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, Оқытудағы басқару және көшбасшылық.

Стратегиялық іс-әрекеттер: «Шаттық шеңбер», «Миға шабуыл», «Сәйкестендір», «Өзін-өзі бағалау», «INSERT»

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

A) оқушылармен амандасу;

- Good morning, pupils!

- Good morning, teacher
- How are you today
- We are fine

Ә) оқушыларды түгелдеу;

- Who is on duty today?
- I am on duty today.
- Who is absent today?
- All are present or(name) is missing.

II.Үйге берілген тапсырманы тексеру;

III.Жаңа сабақты түсіндіру:

1.Тренинг ойыны: Мақсаты:мамандықтарға байланысты сөздік қорды байыту.

Мұғалім оқушыға допты лақтырады, допты тосып алған оқушы мамандық түрін айтады, сөйтіп келесі сыныптасына допты лақтырады. Мысалы: a teacher, a doctor, a builder, an actress.

2. «Миға шабуыл жасау» стратегиясы. Мақсаты: оқушылардың мамандық, жұмыс туралы түсініктерін анықтау;

Сұрақтарға жауап беру. Answer the questions.

1. Which job do you like?
2. Why?
3. How much do you earn?
4. Do you enjoy your work?
5. What do you think of the responsibility of your job?

6. «Сәйкестендір». Мақсаты: Оқушылардың когнитивті- коммуникативтік дағдысы мен тез ойлау қабілеттерін дамыту.

Match a job in A with the information in B.

- | | |
|-----------------|--|
| a)a clerk | help people buy and sell building and land |
| b)an architect | wears and shows new fashions |
| c)a disc jockey | does general office work |
| d)a geologist | decides cases in a court law |
| e)a judge | introduces music and songs on the radio |
| f) a model | designs and draws plans for new buildings |

g)a civil servant studies rocks, soil, mountains
h)a realtor works for the government

4. A guessing game. Мақсаты: Оқушылар топпен жұмыс жасай отырып, берілген тапсырманы тез жылдам орындау, бір-бірімен пікір алмасу.

* You don't walk. You don't talk to the people in your cabin. You're in the air. What jobs is it?

* You look after people in hospital. You sometimes work day and sometimes night. What jobs is it?

* You build houses, buildings. What jobs is it?

* You mend cars. What jobs is it?

* You interview people. You write articles for newspapers. What jobs is it?

* You teach pupils, students. Your job is difficult but you have a long holiday. What jobs is it?

7. Сергіту сәті. Мақсаты: Оқушылар қозғалысқа түсу арқылы бойларын сергітеді;

IV.Жаңа сабақты бекіту;

«INSERT» Мақсаты: оқушылардың алған білімдерін тиянақтау. Талқылау жинақтауға дағдыландыру .

«v» Білемін	«+» бұл мен үшін жаңалық	«-» білмедім	«?» қосымша мәлімет алуым керек
A teacher A doctor An engineer	Different kinds of professions which I did not know	A disc jokey A realtor A clerk	About my future profession

Бағалау: Өз- өздерін бағалайды;

Үйге тапсырма: Ата-анасының қандай қызмет атқаратыны туралы жазып келу.

Коммуникативтік оқыту: оқу, сөйлеу, тыңдау, жазу – ауызша өзара қатынас, жазбаша өзара қатынас біркелкі, бір уақытта дамиды. Бұдан коммуникативтік оқыту сөйлеу әрекетінің барлық төрт түрінде де қажеттілікпен қатысып тұрғаны көрінеді. Өйткені ол ауызша да, жазбаша да қарым-қатынас жасаушылардың бір-бірін тілдік қабылдауы мен түсінігін қамтамасыз етеді.

1. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы (жалпы редакциясын басқарған – акад. С.Қирабаев). 4-том. Алматы: Ғылым, 1998
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1993
3. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік коммуникация негіздері. –Алматы: Рауан, 1995.

Резюме

Альжан Рахила. – магистрант 2 курса по специальности 6М011900 «Иностранный язык «два иностранных языка»,

Аскарова С.А. – к.ф.н., доцент КазНПУ имени Абая (askarova.1950@mail.ru)

Значимость новых технологий в формировании когнитивно-коммуникативных навыков в процессе обучения английского языка

В данной статье рассматриваются важность развития когнитивно-коммуникативных навыков учащихся на уроках английского языка. Роль новых технологий обучения в формировании когнитивно-коммуникативных навыков, излагалось основываясь на труды известных ученых. Метод, который является основой формирования когнитивно-коммуникативных навыков в методике обучения иностранному языку- овладение подходов предусматривается, в частности, аудирование, говорение, письмо, слушание.

Ключевые слова: когнитивно-коммуникативных навыков, инновационные технология, лингвистические литературы, конкурентоспособной.

Resume

Alzhan Rakhila. – the 2nd course master, specialty of «Foreign language «two foreign languages»

Askarova S.A. – candidate of philology sciences, associate professor. KazNPU after Abay(askarova.1950@mail.ru)

Significance of innovative technologies in forming cognitive communicative skills in the process of TFL

The article deals with the importance of development of students' cognitive communicative skills at the English lessons. The role of innovative technologies in forming cognitive communicative skills, based on scientists' works. Method, that is based on formation of cognitive communicative skills ce in foreign language teaching methods considers listening, speaking, reading and writing skills.

Key words cognitive communicative skills, innovative technology, linguistic literatures, competitive ability.

УДК-379.40

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Қошқарбаева Б.Қ. - аға оқытушы bibisarak@mail.ru

Қазақ мемлекеттік қыздарпедагогикалық университеті, Айтеке би 99, Алматы қ.,

Мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың тиімді жолдары қарастырылған. Тіл - адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Тілмен сөйлесу адамзат баласы үшін тысқары бір дүние емес, ол ішкі құбылыс. Сөйлеу тек адамға ғана тән. Адам тіл арқылы бір-бірімен қатынаса алады. Тілді үйрету әдісі үнемі заман талабына, уақыт ағымына қарай өзгеріп, дамып, жетіліп отырады. Оқыту технологиясы деп педагогика ғылымында «педагогикалық үрдістің жүзеге асу жолы» деп танылады. «Педагогикалық технология-оқушы мен оқытушыға қолайлы жағдайда оқу үрдісін жоспарлау, ұйымдастыру, өткізудің және оқушымен оқытушының бірлескен педагогикалық әрекетінің әрбір жеке бөлшегіне дейін ойластырылған моделі» Тілді үйрену технологиясында коммуникативтік құзіреттілікті дамыту оқу-тәрбие міндеттерін өнімді шешу, мамандықты тұлға қалыптастыру құрамына айналдыру болып табылады.

Түйін сөздер: коммуникативті құзыреттілік, педагогика, технология, бастауыш сынып, кәсіптілік, біліктілік.

Тіл - адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Тілмен сөйлесу адамзат баласы үшін тысқары бір дүние емес, ол ішкі құбылыс. Сөйлеу тек адамға ғана тән. Адам тіл арқылы бір-бірімен қатынаса алады. Тілді үйрету әдісі үнемі заман талабына, уақыт ағымына қарай өзгеріп, дамып, жетіліп отырады. Оқыту технологиясы деп педагогика ғылымында «педагогикалық үрдістің жүзеге асу жолы» деп танылады. «Педагогикалық технология-оқушы мен оқытушыға қолайлы жағдайда оқу үрдісін жоспарлау, ұйымдастыру, өткізудің және оқушымен оқытушының бірлескен педагогикалық әрекетінің әрбір жеке бөлшегіне дейін ойластырылған моделі» Тілді үйрену технологиясында коммуникативтік құзіреттілікті дамыту оқу-тәрбие міндеттерін өнімді шешу, мамандықты тұлға қалыптастыру құрамына айналдыру болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде, коммуникативтік технология деп оқуға қатысушылардың барлығын және мүмкін болған құрал-жабдықтар мен акпараттардың барлығын қатыстыра отырып өзара белсенді тілдік қатынас әрекетіне ену негізінде оқу үрдісін құруды айтады. Оның жетекші әдісі- тілдік өзара қарым-қатынас. Қолданылатын жұмыс түрлері: ынтымақтастықта оқу (оқытушы мен оқушылар), жұптық оқыту (оқушылардың екеуара бірін-бірі оқытуы), топтық құрамда жұмыс істеу (топтардың құрамы өзгеріп отыруы шарт), оқу тілдік диалог (өзара пікір алысу). Коммуникативтік технологияда тілдік қарым-қатынас алдыңғы орынға шығарылады да басқа жұмыстар осы бағдарға бағытталады.

Коммуникациялық бағыт адам өмірінің түрлі саласына байланысатын сөйлеуді үйретуге бағындырылады. Сөйлеу мақсатына тиісті грамматикалық формалар мен синтаксистік құрылымдардың сөйлеуге қатысуы шарт және ол көбіне дайындықсыз сөйлеуге, бұрынғы меңгерген грамматикалық формаларды, лексикалық біліктерді автоматты түрде қолдануға жетуі керек. Оқушы өз ойын еркін жеткізе алу үшін оған қажетті лексикалық және

грамматикалық минимум алдын- ала анықталып тапсырылады. Бұл тілді функционалдық тұрғыдан үйрету сипатына жатады. Коммуникативтік сөйлеу әрекетінің қай түрі болса да лексикалық- грамматикалық дайындық деңгейіне сүйенеді. Студенттің тиісті лексикалық қоры, сондай-ақ грамматикалық білімі болуымен бірге, ол бұларды сөйлеу әрекетін орындау барысында, талдау кезінде меңгере түседі. Сөйлеу әрекеттері, негізінен, белгілі бір мақсаттағы жағдаяттар, жүйелі модульдер, ауызекі жауаптасу, сұрақ-жауап жағдайларында жүзеге асады.

Коммуникативтік әдіс:

- 1.жұптық
- 2.топтық
- 3.ұжымдық

Коммуникативтік әдістердің принциптері:

- 1.тілдік бағыттар
- 2.функционалдық
- 3.оқиғалық
- 4.жаңашылдық
- 5.қарым-қатынастық дербестік бағыттар

Коммуникация сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағына білдіре келіп, адамдардың арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді. Осыдан барып «коммуникабельдік», түсінушілік деген сөздер мен ұғымдар пайда бола бастады. Коммуникация- қарым-қатынас, өзара байланыс деген ұғымды білдіреді. [1].

Студенттерге тілдік коммуникативтік білім беруде М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде» әдістемесінің құзіреттілігі өте жоғары деңгейде. М.М.Жанпейісованың модульдік оқыту жүйесі арқылы тіл дамыту іске асады. Мемлекеттік тілдің коммуникативтілік құзіреттілігін дамыту дегеніміз- оқушылардың тілді жетік меңгеруін және білім мен білік дағыларын тәжірибеде қолдана білу. Модульдер дегеніміз- белгілі бір тақырып ішіндегі бөліктердің өзара топтастырылған жүйесі». Екінші тілді оқыту тәжірибесінде оқу материалдары белгілі бір нақты анықталған ортада сөйлеуді меңгеру мақсаты бойынша топтарға топтастырылып берілді. Мысалы: (қонақта), (қонақ күту), (ұшақта), (кеңседе), (менің отбасым), (қазақ тілі мемлекеттік тіл), (кең байтақ Қазақстаным), (Табиғат аясында), (Жыл мезгілдері) тағы басқа. Модульдік оқыту технологиясының мақсаты: Оқу үрдісінде студенттің шығармашылығын дамытуға қолайлы жағдай туғызу; эстетикалық сезімін; зейінін тәрбиелеу. Модульдің міндеті: Жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыру; Таным үрдістерін дамыту; Сөздік қорын дамыту; Өзара көмек және бірге бастан өткізу; Әрбір модуль 6-8 сағатқа немесе одан да көп уақытқа қойылады. Модульдік оқыту кіріспе сағатынан, сөйлесу (негізгі материалдарды меңгеру) сағаттарынан, қорытынды сағатынан тұрады. Кіріспе және қорытынды сағаттарына бір-бір сағаттан беріліп, қалған уақыт негізгі материалды меңгерге бөлінеді. Модуль мақсаттан нәтижеге жетуді қамтамасыз етерліктей етіп құрылады. Кіріспе бөлімінде жалпы құрылымымен, оының мақсат- міндеттерімен таныстырады. Оқушылардың оқу материалын қайта жаңғырту деңгейін, қарапайым білік пен дағдыларды және білімін іс жүзінде бірнеше рет қайта қолданылуы сөйлесу бөлімі сабақтарында жүзеге асырылады. Оқушылардың оқу материалына бірнеше мәрте қайта оралып жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Модульдің қорытынды бөлімі- бақылау. Егер сөйлесу бөлімінің барлық сабақтарында бір-біріне көмегі, бірін-бірі оқытуы, түрлі ғылыми көздерді пайдалануы құпталып келсе, енді қорытынды бөлімінде оқушы өзінің сөйлеу бөлімінде алған білімін, білігі мен дағдыларын ешкімнің көмегінсіз көрестуі тиіс. [2].

Негізгі материалдарды меңгеруге арналған сағаттарда оқу материалдары бойынша сөйлеу әрекеттері жүзеге асырылады. Оның алғашқы 1-2 сағаттарында лексикалық және грамматикалық дайындыққа басымдық беріліп, одан кейінгі сағаттарда ауызша және жазбаша коммуникативтік құзыреттерін дамыту көзделеді. Коммуникативтік құзірет деп сөйлеуге, жауаптасуға, жалпы сөйлеуге қажет дағдылар мен әрекеттерді меңгеруді айтады. Модульдік технологияны қолдану арқылы тілдік коммуникативтік құзіреттілік мақсатының орындалуына я нәтижеге қол жеткен деңгей нәтижесін анықтайды. Оқушы алған білімін, білігін, дағдысын өз еркімен кез-келген тақырыпта еркін қолдана береді. М.М.Жанпейісованың модульдік технологиясын қолдану арқылы тілдік коммуникативтік құзіреттілікті дамыту оқушыларға үш деңгейлі тапсырмалар ұсыну арқылы дамытылады. Тақырыпта үш деңгейдегі («жеңілдетілген стандарт», «стандартты», «стандарттан жоғары») оқушыларға арналған топтық тапсырмалар орындалып. III деңгей-білім стандартының талаптарына сай қарапайым білім мен түсінік деңгейіндегі тапсырмалар (бұдан әрі айтуға оңай болуы үшін біз «жеңілдетілген» стандарт тіркесін қолданамыз). II-деңгей- стандарт талаптарына сай алған білімін қолдану және талдау деңгейіндегі тапсырмалар (бұдан әрі-«стандартты» тапсырмалар). I-деңгей- шығармашылық және ізденушілік сипаттағы тапсырмалар (бұдан әрі- «стандарттан жоғары» тапсырмалар). Қорытынды бөлімде барлық оқушыларға бірдей мемлекеттік білім стандартына сай тапсырмалар беріледі. Үш деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушылардың білімін толықтырып, өз бетімен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру өте қолайлы. Тестілеу мен нәтиже сабақтары білімін, білігін, дағдысын бақылаудың және тексерудің міндетті элементі. Оқушылардың білімділігін бір тақырып төңірегіне жинақтау және нақтылы тақырыпты білу және құзіреттілігін дамыта түсу, тәжірибеде қолдана алу. Осының барлығы М.Жанпейісованың модульдік оқыту әдістемесінің жоғарғы сатыда екенін көрсетеді.

Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді. Соңғы жылдары білім беру саласында болашақ мамандардың құзыреттілігін қалыптастыру туралы әр түрлі пікірлер жиі айтылуда. “Құзыреттілік” түсінігі білім беру саласында 1960-1970 жылдардағы шетел әдебиеттерінде, ал 1980 жылдардың соңында отандық әдебиеттерде кездесті. “Кәсіби құзыреттілік, жете білушілік” ұғымын енгізудің қажеттілігі оның мазмұнының кеңдігімен, интегративтік сипатымен, “кәсіптілік”, “біліктілік”, “кәсіби мүмкіндіктер” және т.б. түсініктерді біріктіреді. Д.И.Ушаковтың редакциясымен жарық көрген түсіндірме сөздіктің авторлары “құзыреттілік” және “құзырет” сөздерінің арасындағы айырмашылықтарды дәлелдеуге тырысқан. “Құзыреттілік” – хабардар болушылық, абыройлық; “құзырет” – жеке тұлғаның кәсіби қасиеті және қызметтік сипаттардың нақты жиынтығы. Кәсіби құзіреттілікті анықтау туралы мәселе педагог, философ, физиологтардың, арасында пікір қайшылықтары мен жаңа ойлар тудыруда. Тұлғаның кәсіби процесін көп жағдайда оның біліктілігімен, кәсіптік құзыреттілігімен байланыста қарастырады. Орыс ғалымдары В.А.Адольф, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, Э.Ф.Зеер, В.А.Сластенин, Т.Ф.Лошакова, т.б. педагогикалық зерттеулерінде педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігі туралы мәселеге көп қызығушылық пайда болғанын айтады. [3].

Д.Дьюи, У.Уоллер, М.Мид, К.Юнг, П.Сорокин, Ф.Знанецкий сынды философтар кәсіби құзыреттілікті адамның ортаға үйренуіне қажетті әрекеттер түрі ретінде қарастырады. Олар адамның мамандығы оның белгілі бір нәрсеге деген қызығушылығын тудыратынын, көзқарасын қалыптастыратынын, мақсатқа жетуге талпындыратынын, ортақ пікір алмасуға

жетелейтінін айтады. Д.Л.Томпсон, Д.Пристли кәсіби құзыреттілікті жүйелі түрде алынған білім мен жоғары моралдық нормалар мен педагогтік кодексінің нәтижесі ретінде анықтайды. Құзыреттілік бірінші орынға білімгердің ақпаратты сауаттылығын емес, оның мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Егер болашақ педагогтың құзыреттілігінің қалыптасуын орта кәсіби білім беру жүйесінің аумағында қарастырсақ, онда білім, білік, дағды мүмкіншілігі, яғни, бір сөзбен педагогикалық қызметке маманның қаншалықты дайын екендігі туралы айтуға болады. Ғылыми құзыреттілік деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Болашақ маман өз ісінің шебері, жақсы мұғалім болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өресінен шыға алуға талпынуы керек.

Мұғалім қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз тәрбиелеп отыратын, ортамен, адамдармен, балалармен, қарым-қатынасқа тез түсе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол, т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана оның бойынан кәсіби құзыреттілігі анық байқалып тұрады. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда педагогикалық практика үлкен рөл атқарады. Педагогикалық практиканы өту кезінде студенттің педагогикалық іскерлігі мен дағдылары жылдам қалыптасады. Оның шығармашылық және педагогикалық құбылыстарды зерттеуге деген қабілеті дамиды, педагогикалық шеберліктің негіздері қаланады. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, педагогикалық инновацияларды дұрыс қабылдауы, күнделікті өзгеріп жататын педагогикалық ортаға тез бейімделуді қажет етеді. Ғалымдар жоғары оқу орнын бітірушілердің құзыреттіліктерінің құрылысын жалпы кәсіби құзыреттілік, арнайы кәсіби құзыреттілік деп бөліп саралайды. Жалпы кәсіби құзыреттілік студенттің жалпы кәсіптік білімі, дағдысы, қабілеті мен мамандығының дайындығы арқылы анықталады. Сонымен бірге құзыреттіліктің бұл түріне студенттің ғылыми-зерттеушілік, басқарушы-ұйымдастырушылық қабілеттері мен кәсіби және педагогикалық қызметі жатады. Арнайы кәсіби құзыреттілік бітірушінің белгілі бір мамандық бойынша кәсіби қызметті атқарудағы дайындығы мен оған ұмтылуы арқылы айқындалады. Олардың мазмұны мемлекеттік классификациялармен анықталады. Е.А.Климов мамандық бойынша байланысты былайша жіктейді: адам – адам; адам – белгілер жүйесі; адам – көркем бейне; адам – техника; адам – табиғат. Ал кәсіби құзыреттілікті коммуникативтік, ақпараттық, регулятивтік және интеллектуалды-педагогикалық құзыреттілік ретінде қарастырады.

Педагогтың коммуникативтік құзыреттілігі – кәсіби интегративтік қасиет, оның негізгі бөліктеріне эмоционалдық тұрақтылық (икемділікпен байланысты); экстраверсия (тағайындалған деңгейі мен эффективті жетекшілікті көрсетеді); тікелей және қайтарымды байланысты ұштастыру мүмкіншілігі; тілдік білімі; тыңдай білу қабілеті; марапаттай білуі; сыпайылық; жалпы қабілеті жатады. Коммуникативтік құзыреттілік – біріншіден, жеке тұлғаның дамуы мен өзіндік дамуы процесіндегі мұғалімнің жеке тұлғалық қасиеті; екіншіден, ұстаздың педагогикалық қарым-қатынастық мақсаты, түйіні, құрылымы, құралы, ерекшелігі туралы хабардарлығының көрсеткіші; қажетті технологиялық деңгейін меңгеруі; маманның жеке психологиялық сапасы; коммуникативтік іс-әрекетін әрдайым жетілдіріп тұруға тырысуы; негізгі құндылық ретінде жеке адамның тұлғасына бейімделе білу, “бағдар ету”, сонымен қатар педагогикалық қарым-қатынас кезінде туындайтын міндеттерге шығармашылық, қапысыз шешім таба білу қабілеті. Ақпараттық құзыреттілік өзі туралы оқушылар мен олардың ата-аналарының, басқа ұстаздардың жұмыс тәжірибесі жөнінде ақпаратты білу мөлшерін қамтиды. Регулятивтік құзыреттілік оқытушының өз іс-әрекетін басқара білу мүмкіншілігін білдіреді.

Оған мақсаттылық, жоспарлау, тұрақты белсенділік пен өзін көрсете білуі, рефлексия, іс-әрекетінің бағасы енеді. Іс-әрекеттің негізгі факторы – ізгілік, құндылық болып табылады. Интеллектуалды-педагогикалық құзыреттілікті талдау, синтез, салыстыру, қорытындылау, нақтылау сияқты қарастыра білудің кешені, аналогия, қиял, ойлау қабілетінің икемділігі мен сындылығы ретінде зерденің қасиеті түрінде қарастыруға болады. Болашақ маман дайындау мәселесі оның тұлғалық сапалары мен қасиеттерін қалыптастырудың маңызын көрсетеді. Тұлғалық-бағдарлық бағытта білім беру нәтижесі білім, біліктілік және дағды жүйесінде, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесіне және эмоционалды көңіл-күйді көрсете білуге, ерікті қарым-қатынасқа педагогикалық бейімделген тұлғаны қалыптастыру ретінде түсіндіріледі. Сондықтан маманның ғылыми құзыреттілігінің арнайы, әлеуметтік және тұлғалық түрлеріне ерекше мән беріледі. Арнайы - өзінің мамандығына сәйкес білімі, біліктілігі, дағдысы, жаңа білім мен білікті өз бетімен меңгеру, өз еңбегінің нәтижесін бағалау, біліктілігінің болуы. Әлеуметтік – тіл туралы білімінің, коммуникативті мәдениетінің, басқамен ынтымақтастыққа қабілеттілігінің, өзінің іс-әрекетінің нәтижесіне, қоршаған ортаға дайындығының болуы. Тұлғалық - өзін-өзі тану бойынша біліктілік, дағдысын жетілдіруге кәсіби іс-әрекет тұлғаның дамуына дайындығының болуы. Бұл үшін, біріншіден, ақпараттық қоғамда кез келген маманның іс-әрекеті күшейтіледі, екіншіден, білім парадигмасының өзгеруі кәсіби білім, біліктілік пен дағдыға маманның дайындығын қалыптастырудың, ойлаудың әдіснамасын дамытудың қажеттілігін көрсетеді, үшіншіден, ізгілікті және әлемдік интегративті үрдістер тенденциясы алдымен көпмәдениетті тұлғаны қалыптастырудың қажеттілігін айқындайды. Қоғамдық-саяси даярлық болашақ мұғалімдерді қоршаған дүниені, табиғатты, қоғамдық өмірдің құбылыстарын тану әдіснамасына, әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін пайымдау, талдау, маңыздысын ажырата білуге, адамдармен қарым-қатынастағы жоғары мәдениеттілікке үйренуге мүмкіндік береді. Болашақ мұғалімді терең әдіснамалық және теориялық тұрғыда даярлау қай кезде де күн тәртібінен түспек емес. Олай болса, республика жоғары оқу орындарының алдында жан-жақты дамыған, саяси сауатты, терең теориялық біліммен қаруланған, адамдармен қарым-қатынас мәдениетін меңгерген маман дайындау міндеті тұр.

Жалпы мәдени құзіреттіліктің технологиялық мазмұны оны ұйымдастырудың жолдарын қарастыру, іздестіру болды. Оқытушы тек қана студенттердің оқу әрекетін ұйымдастырып, басқарып қана қоймай, оның оқу әрекетін айқындаудың жолын табатын педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталады. Жалпы мәдени құзіреттіліктің технологиясы төмендегідей болып табылады: жалпы мәдени құзіреттілік жағдайына бейімделу, сырттағы адамдарды өзіне қарату, объектінің жан дүниесін жаулап алу; сөздік мәдени құзіреттілікті іске асыру; эмоционалды және мазмұнды байланысты ұйымдастыру. Жалпы мәдени құзіреттілікті қалыптастыру келесі компоненттерді қамтиды:

- Жалпы мәдени құзіреттілікті қалыпқа келтіру;
- Жалпы мәдени құзіреттіліктің үзбей ұйымдастырылуын қамтамасыз ету;
- Жалпы мәдени құзіреттілікті меңгерту;
- Жалпы мәдени құзіреттіліктің жаңа технологияларын іске асырудың жолдарын табу болып табылады[7].

Педагогикалық тиімділіктің салыстырмалы-сәйкестікпен талдануы, әр түрлі формаға, әр түрлі әдістемелерге сәйкес келеді. Бұндай әдістемелер студент жастардың жалпы мәдени құзіреттілік барысындағы икемділікті, қызығушылықты, тартымдылықты көрсете біліп, бар зейінімен тыңдап өз көзқарасын дәлелдей білуге және сұрақтарды нақтылықпен жеткізе білу қабілеттерін қалыптастырады. Жеке тұлғаның тілдік қабілетінің көрсеткіші вербалсыз түрдегі икемділік болып табылады, яғни; құлу, ым-ишара, жүріс-тұрыс, жеткізілу мәнері, дауысының

ырғағы және т.б. Студенттердің жалпы мәдени құзіреттілігін жоғарлату үшін қажетті мағлұматтарды ескере отырып қасындағы әңгімелесушілермен эмоционалды қатынас құруға мүмкіндік жасалды. Әдістемелік құрал ретінде әртүрлі көріністегі суреттер, драматизациялық көріністер, әңгімелесулер мен драмалық көріністер қолданылған болатын. Студенттерге жалпы мәдени құзіреттілігін, мәдениетін ұлттық деңгейде қалыптастыру үшін, біріншіден, өз жеке басының ерекшеліктері және ішкі қажеттіліктерін ескере отырып, қимыл қозғалыстарын, сөйлеу мәнерін, эмоционалды жағдайларын ескеруді қажет ететіндігін ескерте келе, оны қолданудың мүмкіндіктерін негізге алдық. Байқалғаны: өзгенің көңіл күйін сезіне білуге ұмтылу, содан кейін оның іс-әрекетіне, ым-ишарасына көңіл бөліп, оның қандай оймен немесе қандай көңіл күйде отырғандығын сезіне білу. Содан кейін белгілі іс қимылдарды жалпы мәдени құзіреттілік жасау барысында қолданылатын іс қимылдар, ым-ишаралар арнайы түрде қолданыла бастады. Жұмыстың нәтижелілігі тренингке қатысқан студенттер кейін жалпы мәдени құзіреттілік барысында шынында да өздерін ұстауы, сөйлеу мәнері өзгергендігін аңғартады. Тәжірибе барысында көрсеткендей, студент пен оқытушының арасындағы жалпы мәдени құзіреттілік ерекшелігін анықтап, деңгейін талдау және оған баға беру жалпы мәдени құзіреттіліктің деңгейін өлшей алу мүмкіншілік беретіндігін айта кетуге болады. Студенттердің жалпы мәдени құзіреттілігін толығымен қалыптастыруға іскерлік ойындардың үлкен маңызы зор. Іскерлік ойын мәдени құзіреттілік мазмұныны игеруге және өзінің қажеттілігін қанағаттандырып, кәсіби дағдысы мен икемділігін қалыптастыруға мүмкіншілік береді.

Тұлғаның жеке дара дамуына тікелей әсер ететін ең жақын ортасы болады және ол ортада үнемі жалпы мәдени құзіреттілігі байқалып отырады. Ол микро орта-әлеуметтік ортаның бөлшегі, отбасы, оқу орны, достар, құрдастар, жақын адамдар т.б. Сондықтан студенттің жалпы мәдени құзіреттілігін қалыптастыруда уақытының көп бөлігін өткізетін оқу орны, достары, күнделікті кездесетін оқытушыларының тәрбиелік ықпалы зор. Мұндай түрлі ықпалдардың бірлікте және бір жүйеде өтуі көздеген мақсатқа жетуге мүмкіндік береді. Студенттердің жалпы мәдени құзіреттілігін қалыптастырудағы басты принциптерді талқылай отырып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарында түрлі әдіс-тәсілдерді сараптадық. Көрсетілген принциптерге сүйене отырып, студенттердің жалпы мәдени құзіреттілігін қалыптастыруда көптеген әдіс-тәсілдерді ұсынуға болады, мұнда мынадай жағдайлар ескерілуі керек: жалпы мәдени құзіреттілігін қалыптастыру мақсаттары мен міндеттері; студенттердің қызығушылығы мен қажеттері; қоршаған әлеуметтік жағдайлар; жалпы мәдени құзіреттілік жасау деңгейлері; күтілетін нәтижелер; оқытушының өз басының мүмкіндіктері.

Студенттердің жалпы мәдени құзіреттілігін қалыптастыруда сананы қалыптастыру әдістері, іс-әрекетті ұйымдастыру және жалпы мәдени құзіреттілікті қалыптастыру әдістері; ынталандыру әдістері қолданылды. Студенттің жалпы мәдени құзіреттілігін қалыптастырудағы оқытушы тарапынан болатын педагогикалық қолдаудың мәні мынада: ұнамды психологиялық жағдай жасау; тұлғаның өз бойындағы мүмкіндіктерін өзінше іске асыруына шарт-жағдайлар түзу; ұлтының дәстүрлеріне т.б. мақтан тұтуын қамтамасыз ету; көмек көрсету, үлгі-өнеге болу; оқытушының кәсіби деңгейі мен мәдениеттілігінің жоғары болуы. Студенттердің жалпы мәдени құзіреттілігінің қалыптасуы тәрбиенің барлық түрінің өзара байланысуы арқылы жүзеге асады: ақыл-ой, адамгершілік, еңбек, эстетикалық, дене т.б. Сонымен бірге студенттерде этнопедагогика материалдары негізінде жалпы мәдени құзіреттілігінің қалыптасуы ұлттық тәрбиенің қозғаушы күші – ұлттық санаға сіңіп, қалыптасқан салт-дәстүрлер, ұлттық рух, ұлттық намыс, ұлттық абырой, ар, ұят, кісілік т.б. байланысты.

Қорытындылай келе, біз қадам басқан ХХІ ғасыр жан-жақты дамыған, білімді, өз ісіне де, өзгенің ісіне де әділ баға бере алатын, өзіне сенімді, тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуына зор үлес қоса алатын тұлға тәрбиелеуді талап етіп отыр.

Осыған байланысты бүгінгі күннің басты мәселесі – жас ұрпаққа нәтижеге бағытталған білім беру болып отыр. Бүгінгі таңда еліміз нәтижеге бағытталған білім беру моделіне көшті. Нәтиже дегеніміз – жеке тұлғаның құзырлылығы. Ал нәтижеге бағытталған білім беру дегеніміз – жеке тұлғаның құзырлылығын қалыптастыру. Құзырлылық – ол терең білім. Оқушының құзырлылығын қалыптастыру үшін мұғалімнің өзі құзырлыққа жету керек[8]. Қазіргі кезді мұғалімге қойылатын талап өте күшті. Жаңа формация мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу ғана емес, тарихи танымдық, педагогикалық, психологиялық және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқытудың жаңа технологиясын меңгерген және ол білімін ғылыммен ұштастыра білетін жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары, білгені мен оқығаны көп жетекші тұлға ретінде Ұлағатты саналады. Қай қоғамда болсын істің тетігін мамандар шешеді. Ендеше білім сапасын көтеру ісі, жоғарыда аталған міндеттерді жүзеге асыру тетігі ұстаздар қауымына байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айтамбаева С.Т. «Тілді үйрету барысында жүзеге асатын құзыреттіліктер» Өскемен қаласы. 2005.
2. Шаукенова З.К. Социальная структура современного казахстанского общества. Сборник материалов международной научно-практической конференции 12 июня 2003 г., Астана 2003 г.
3. Нысанбаев Ә. Қазақстан демократия. Рухани жаңару.-Алматы: "Қазақ энциклопедиясы", 1999.
4. К.Абишев. Философия учебник для студентов высших учебных заведений и аспирантов. Институт философии и политологии МН и ВО РК. Алматы. 1999 г. С.15
5. Бегдаулетова К. Мәдениеттің философиялық түсінігі//Ізденіс–Поиск, Алматы, 2009, №2.
6. Мүтәліпов Ж. Шығыс пен Батыс өркениеттері сұхбатындағы қазақ мәдениеті: мәдениеттанулық талдау. Филос. ғылымд. докт. дисс. авторефераты, Алматы, 2004.
- 7.Ахметова Г.К. Образование Казахстана в поисках идеала//Непрерывное образование: состояние, проблемы, перспективы. - Алматы, 2001, -№2, сборник «Образование- дело моей жизни», Алматы., Изд. «Қазақ университеті», 2007.
8. Колесникова И.А.О приоритетных направлениях в формировании, стратегии образования на научно-педагогическом уровне.//Образ, политика на рубеже 20-21 веков, часть 3.-СПб:1995.

Summary

The effective ways on formation of teaching competence of elementary school teachers

B.K. Koshkarbaeva- Kazakh State Women's Teacher Training University Senior teacher

This article deals with the problem of the effective ways on formation of teaching competence of elementary school teachers. Language - the person and the person's means of communication between

different national and multinational approach. Language conversation with one of the boundaries of the human world is not a domestic phenomenon. Speaking only a specific person. Human language can communicate with one another. Modern language teaching method constantly, the trend changing, evolving and improving. Educational technology as pedagogical science "way of implementation of the educational process" is recognized. "Educational technology for students and teachers of the educational process planning, organization, interaction with the teacher and the pupil, teacher of each individual part of a well thought-out model" of technology to learn the language and communicative competence to solve the problems of the educational product development, is to become a part of the formation of the profession.

Key words: communicative competence, pedagogy, technology, elementary school, professional, qualification.

Эффективные методы формирования профессиональной компетенций учителя начального класса

Кошкарбаева Б. К.- *ст. преподаватель., Казахский государственный женский педагогический университет старший преподаватель*

Резюме

В данной статье рассматриваются проблемы эффективные методы формирования профессиональной компетенций учителя начального класса. Язык - лицо и означает лицо, в связи между различными национальными и многонациональный подход. Язык разговор с одной из границ человеческого мира не является внутренним явлением. Если говорить только конкретного человека. Человеческий язык может взаимодействовать друг с другом. Современный метод преподавания языка постоянно, эта тенденция меняется, развивается и совершенствуется. Образовательные технологии как педагогическая наука «пути реализации образовательного процесса» признается. "Образовательные технологии для студентов и преподавателей планирования учебного процесса, организации взаимодействия с учителем и учеником, учителем каждой отдельной части хорошо продуманной модели" технологии для изучения языка и коммуникативной компетенции для решения проблем развития образовательного продукта, чтобы стать частью формирования профессии.

Ключевые слова: коммуникативная компетенция, педагогика, технология, начальный класс, профессиональный, квалификация.

УДК: 378.016:811.111

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АУДИТИВТІ DAҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Кайыпова Р.А. – *Абай атындағы ҚазҰПУ бМ011900 – «Шет тілі: «екі шет тілі» мамандығының 2 курс магистранты, (roshen.1237@mail.ru)*

Асқарова С.А. – *ф.ғ.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ (askarova.1950@mail.ru)*

Мақалада білім алушылардың аудитивті дағдыларын дамыту жолдары мен кездесетін қиындықтар жазылған. Тыңдап түсінуге бағытталған кеңестер мен жаттығу түрлері сипатталады. Білім алушылардың аудитивті дағдыларын дамыту жолында аутентті материалдардың маңызы айтылады. Интернетке тәуелді қазіргі заманда жаңа құрылғылар мен

әлеуметтік желіге қолжетімділіктің білім алушыларға әсері баяндалады.

Түйін сөздер: тыңдап түсіну, аудитивті, аутентті, білім алушы, дағдылану.

Жалпы тыңдап-түсінуге үйрету, аудитивті дағдыны қалыптастыру барысында білім алушылар көптеген қиындықтарға кездеседі. Тыңдап-түсінуге үйретуді дұрыс ұйымдастыру үшін оқытушы бұл қиындықтарды және оларды жеңу жолдарын жақсы білуге тиіс.

Тыңдап-түсіну дағдыларын қалыптастыруда кездесетін қиындықтар негізінен екі топқа бөлінеді: а) қай тілде болмасын тыңдап-түсінуге үйретуде кездесетін жалпыға бірдей ортақ қиындықтар; ә) тек белгілі бір тілде тыңдап үйренуде кездесетін, арнайы қиындықтар.

Бұқаралық ақпарат құралдарының материалын немесе басқа тіл материалын таңдауда, оны қолдануда білім алушының тілдік деңгейін ескеру қажет. Оқытушы өзі айтып жеткізгісі келген мазмұнды неғұрлым жан-жақты ашатын тіл материалын қолданады. Сондықтан сөйлеуші қолданған кейбір лексикалық және грамматикалық материал білім алушыға таныс емес болуы мүмкін. Тыңдап отырған мәтінде кездескен таныс емес сөздер, оқылмаған грамматикалық құбылыстар білім алушыға тыңдаған мәтінінің мазмұнын түсінуді қиындатады. Бұл қиындықты жеңудің жолы — білім алушылардың пассивтік және потенциалдық сөздік қорын байыту. Бұл жолда мынаны естен шығармаған жөн. Мәтінде таныс емес сөздер шамадан тыс көп деген жалған әсер жиі кездесіп отырады. Оған себеп — жеке айтылғанда білім алушы сөздерді оп-оңай танығанмен, дәл сол сөздерді тұтас сөз құрамында кездестіргенде, тани алмай қалады. Сондықтан таныс сөздердің өзі таныс емес сөз болып көрінеді де, білім алушыға тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсінуді қиындатады. Қиындықты жеңу үшін білім алушылардың пассивтік және потенциалдық сөздік қорын байытумен қатар мәтінде кездесетін таныс емес сөздердің мағынасын болжауға ұсақ текстерде өткен лексиканы тануға дағдыландыратын жаттығуларды орындау қажет, сондықтан білім алушыларды кейбір таныс емес сөздері бар мәтіннің мазмұнын түсінуге де дағдыландыру керек.

Әр адамның дыбыстарды айту ерекшеліктері мен интонациялық ерекшеліктері болуы заңды құбылыс. Олай болса, белгілі бір шетел тілі оқытушысының да өз ерекшеліктері мен интонациясы бар. Білім алушылар оқытушының сөйлеу ерекшеліктеріне әбден дағдыланып алады да, басқа адам айтқан сөзді түсінбеуі мүмкін. Осыған байланысты шетел тілі оқытушылары мен әдіскерлері, мынадай сұрақ қояды: неге жеті жыл бойы шетел тілін оқыған білім алушы оқытушының қойған сұрақтарын түсінеді де, дәл сол сұрақтарды шетелдік адам қойса, түсінбейді? Бұл жерде сөйлеушінің дауыс ерекшеліктері де түсінуге ықпал етеді. Мысалы, ер адамның жұмсақ қоңыр даусын түсіну жеңілірек те, әйел адамның дауысы, әсіресе жіңішке, ащы дауысты түсіну қиындық келтіреді. Бұл қиындықты жеңудің жолы — сабақта БАҚ материалдарын, әсіресе диалог үлгісіндегі ток-шоулар мен әңгімелерді жиі қолдану. Сонда әр түрлі тембрлі дауыстарды тыңдап, дағдыланған білім алушы өз оқытушысынан басқа сөйлеушілердің де сөзін тыңдап-түсіне алады.

Әдетте оқытушы сабақта шетел тілінде сөйлегенде, өте баяу ырғақпен сөйлейді. Мұндағы мақсат — оқытушының шетел тілінде айтқанын барлық білім алушылар түсінсін дегендік, баяу сөйлесе, білім алушының түсінуіне жеңіл болады деп ойлағандық. Білім алушылар осындай баяу сөзге дағдыланады да, одан тезірек сөйлегенде, түсінбей қалады. білім алушылар үшін мұндай жағдайда қалыпты ырғақпен айтылған сөз тым тез көрінеді де, ілесе алмай қалады. Соның салдарынан олар қалыпты ырғақпен айтылған сөзді түсіне алмайды.

Оқытушы сабақта шетел тілінде сөйлегенде, тағы мынадай бір қателік жасайды. Айтқанымды білім алушылар түгел түсінсін деген мақсатпен ол шетел тілінде бір айтқанын бірнеше рет қайталап айтады (әдетте 3-4 рет). Осыған әбден дағдыланып алған білім алушылар оқытушы сөйлей бастағанда әуелде оның сөзіне, мүлдем құлақ аспайды. Айтқанын екінші, үшінші рет қайталауын күтіп отырады. Шынайы коммуникацияда сөйлеуші айтқанын

қайталамайды, тек бір-ақ рет айтады. Қайталап тыңдауға дағдыланған білім алушылар алғашқыда айтылған сөзді тыңдамай, оны естімей қалады да, түсінбейді. Мұндай жағдай білім алушылардың тыңдап-түсінуіне үлкен қиындық келтіреді.

Осы қиындыққа байланысты шетел тілі оқытушылар мен әдіскерлері білім алушыларға мазмұнын дұрыс түсіну үшін мәтінді неше рет тыңдату керек? Тыңдаған мәтінінің мазмұнын түсіну үшін оны білім алушыларға бір-ақ рет тыңдату керек. Ал сол түсінген мазмұнды қайталап айтып беру керек болған жағдайда оны екінші рет тыңдатуға болады. Олай болса, шетел тілін оқыта бастағаннан-ақ оқытушы өз сөзін қайталамауға тырысуы тиіс, сөйтіп білім алушыларды бір айтқаннан түсінуге дағдыландыру керек.

Жалпыға ортақ келесі қиындық мынада: егер тыңдаушы сөйлеушінің бет-әлпетін көріп, оның сөйлеу органдарының қимыл-қозғалысын байқап отырса, онда ол өзі тыңдап отырған сөзді жеңіл түсінеді. Мысалы, үлкен аудиторияда соңғы қатарда отырған баяндаманы нашар түсінуінің себебі оның нашар естуіне байланысты емес, оның баяндамашыны нашар көруіне байланысты.

Нағыз коммуникация барысында тыңдаушы сөйлеушіні көре алмайтын жағдайлар кездесуі ғажап емес. Мысалы, сөйлеуші көрші бөлмеде болуы мүмкін. Сондай-ақ телефонмен сөйлескенде де тыңдаушы сөйлеушіні көре алмайды. Радиохабарларды тыңдағанда да дикторды көріп, оның бет-әлпетін, сөйлеу органдарының қимыл-қозғалысын бақылау мүмкін емес. Бұл жағдайлар тыңдап отырған сөзді түсінуді ауырлатып, көп қиындықтар келтіреді.

Аталған қиындықты жеңу үшін оқытушы сабақта БАҚ материалдарын жиі қолдануға тиіс. Білім алушыларды шетел тілінде ән тыңдауға дағдыландырып, олармен әннің мазмұны мен атақты жұлдыздардың өмірі туралы сөйлесу керек. Аутентті мәтіндерді тыңдауға дағдылану нәтижесінде білім алушылар сөйлеушіні көрмей, оның сөзін түсінуге үйренеді.

Жалпыға ортақ қиындықтардың келесі түрі аудитивтік мәтіннің ұзақтығына байланысты. Ұзақ уақыт тек басқа адамның сөзін тыңдағанда, білім алушы шаршап, жалығады, сондықтан тыңдағанын түсіне алмайды. Сөйтіп, методикада аудитивтік мәтіннің ұзақтығы, оның көлемі қандай болу керектігін анықтап алу қажеттігі туады. Білім алушылардың алғашқы сатыда тез шаршайтынын ескере отырып, 1,5—2 минут ұзақтық дұрыс деуге болады. Одан артық болса, білім алушылар шаршайды да, тыңдай алмайды, түсінбейді.

Тыңдап-түсінуге үйретуде екі кезең: дайындық кезеңі және негізгі кезең . Осыған байланысты тыңдап-түсінуге үйрететін жаттығулар жүйесі екі топтан тұрады: тіл жаттығулары және сөз жаттығулары. Мұндай жаттығуларда ауызша сөздің екі түрі — тыңдап-түсіну мен сөйлеудің тығыз байланыстылығы ескерілуге тиіс.

Тіл жаттығуларының мақсаты – мәтінді тыңдаудың алдында лингвистикалық қиындықтарды алдын ала жою. Сонда ғана білім алушылар тыңдау барысында назарын мәтіннің мазмұнына аударады.

Тіл жаттығуларын орындау нәтижесінде мына төмендегі іскерліктер қалыптастырылады:

- а) тыңдап отырған хабардағы таныс емес құбылыстарды анықтау, оларды бір-бірінен ажырату және түсіну іскерлігі;
 - ә) дыбыстық бейнелерді мағынамен ұштастыру іскерлігі;
 - б) сөз жасау тәсілдеріне сүйене отырып, таныс емес сөздің мағынасын анықтау іскерлігі;
 - в) түрлі лексикалық единицалар мен грамматикалық құрылымдардың контекстегі мағыналарын анықтау іскерлігі;
 - г) синоним, антоним құбылыстарын танып, олардың мағыналарын ашу іскерлігі.
- Айтылған іскерліктерді дамытумен қатар тіл жаттығуларын орындау нәтижесінде білім алушылардың аудитивті дағдылары қалыптасады. Оны жетілдіру үшін мынадай тіл жаттығуларын орындаған жөн:

1. Есту қабілетін жетілдіруге арналған тіл жаттығулары:

- а) бірнеше жұп сөздерді тыңдап, оларды қайталату;
- ә) берілген интонацияны сақтай отырып, синтагмалар мен фразаларды қайталату;
- б) берілген қос сөйлемдерді тыңдату.

2. Алдын-ала болжау қабілетін жетілдіру үшін мынадай тіл жаттығуларын орындаған жөн.

- а) бірқатар сын есімдерді (етістіктерді) тындандатып, олармен жиі тіркесетін зат есімдерді атау;
- ә) таныс элементтерден құралған сөздерді тыңдап, оларды болжап түсіну;
- б) бірқатар сөз тіркестерін тыңдап, олардың қандай жағдайда қолданылатын анықтату;
- в) мәтінді тыңдап, сол мәтіннің жазбаша нұсқасындағы қалып қойған сөздерді толықтырыңдар.

Егер аутентті болып табылатын теледидар, радио, фильмдер, видеолар және әндер сияқты бұқаралық ақпарат құралдары материалдарын сабақ барысында қолданып, күнделікті өмірдегі қолданылатын сөз тіркестерін үйретсе, білім алушылар өздері қолдана алатын қарапайым тілді меңгереді. Қазіргі заманда бұқаралық ақпарат құралдарының материалдарына интернет пен сандық технологияның көмегімен кез келген уақытта қол жеткізуге болады. Әлеуметтік жүйеге тәуелділікті оң жолға бұрып қолдана білсек болғаны.

- 1. Mark Ellis, Christine Johnson. Teaching Business English. – Oxford: Oxford University Press, 2005. – 237.
- 2. Robert Gibson. Intercultural Business Communication. – Oxford: Oxford University Press, 2004. – 112.
- 3. Albayrak, T., and Sağ, O.K., (2010).
- 4. Maritime English in view of STCW 2010
- 5. The 22nd Edition of NAV MAREDM Scientific Conference, 2011, ISSN: 1843-6749 Butler-Pascoe, M. E. & Wiburg, (2002),
- 6. Technology and Teaching English Language Learners: Using technology to teach oral communication skills, p. 84, Pearson 2002. Dikilitas, K., and Duvenci, A., (2009).
- 7. Using popular movies in teaching oral skill. World Conference on Educational Sciences 2009. Macdonald, M., Badger, R., & White, G. (2000).
The real thing: authenticity and academic Listening
- 8. English for Specific Purposes, 19, 253-267. Miller, M. (2005).

Резюме

Кайыпова Р.А. – магистрант 2 курса по специальности 6M011900 «Иностранный язык «два иностранных языка», (roshen.1237@mail.ru)

Аскарова С.А. – к.ф.н., доцент КазНПУ имени Абая (askarova.1950@mail.ru)

Развитие аудитивных навыков обучающихся

В статье рассматриваются пути развития аудитивных навыков обучающихся, и возникающие проблемы. Даются советы для правильного слушания и понимания текста, и виды упражнений. Статья выделяет важность аутентичных материалов для слушания. Описано доступность интернета с помощью новых девайсов и их влияние на обучающихся.

Ключевые слова: понимание прослушанного, аудитивный, аутентичный, обучающийся, приобретать навыки.

Summary

Kaiypova R.A. – the 2nd course master, specialty of «Foreign language «two foreign languages»
,(roshen.1237@mail.ru)

Askarova S.A. – candidate of philology sciences, associate professor. KazNPU after
Abay(askarova.1950@mail.ru)

Developing of the learners' audio skills

The article reveals the ways of developing the audio skills of the learners and the problems. It has types of exercises and directions to listen in right way. The article underlines the importance of the authentic materials. It also points the availability of the network from the new devices and its effects for the learners.

Key words: to acquire the audio material, auditive, authentic, learner, to develop the skills.

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖӘНЕ АУДАРМА МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ И ПЕРЕВОД INTERCULTURAL COMMUNICATION AND TRANSLATION

УДК 008:351.858

ПОЛИЭТНИЧНОСТЬ КАК ГЛАВНЫЙ РЕСУРС РАЗВИТИЯ КУЛЬТУРЫ НАРОДА КАЗАХСТАНА.

Асыллова А.Ж. – магистрант специальности Востоковедения Казахского национального
педагогического университета им. Абая
aliya_honey@mail.ru

Научный руководитель: Мирзоев К.И. – д.ф.н., профессор, зав. кафедрой «Восточных
языков» Казахского национального педагогического университета им. Абая
dr.knyaz@mail.ru

В статье рассматривается казахстанская модель этнической культуры, которая базируется на этническом многообразии, самобытности всех этносов Казахстана, при одновременном укреплении идентичности, толерантности и согласия. А также, описывается роль Ассамблеи народа Казахстана в развитии культуры и укреплении межэтнического мира и единства. Проанализирован процесс этнокультурной идентичности в полиэтничном казахстанском сообществе.

Ключевые слова: полиэтничность, этнос, культура, этнокультурные объединения, Ассамблея народа Казахстана, этнокультурная идентичность.

Сегодня Республика Казахстан представляет собой сложно структурированное геополитическое пространство, в котором особое значение придается обеспечению условий и возможностей для свободного развития всех наций и народностей. И главным фактором, создающим уникальность культурно-цивилизационного феномена, по праву считается духовно-культурное единство народов, населяющих государство и не утративших свою этнокультурную идентичность. Современный Казахстан – это динамично развивающаяся страна с богатым

наследием. Казахский народ, сохраняя и совершенствуя вековые культурные традиции, одновременно развивает инвестиции в свое энергетическое будущее.

В Послании народу Казахстана «Нұрлы жол – Путь в будущее», Президент РК Н.А. Назарбаев отметил что, необходима переориентация всей экономики, а также поддержка тех отраслей, которые создают наибольший эффект по экономическому росту и занятости населения. Известно, что с развитием экономики развиваются все отрасли социальной инфраструктуры. Одной из наиболее важной сфер этой отрасли является культура, признание той роли, которая отводится культуре в модернизации казахстанского общества, актуализирует решение проблем целенаправленного и осмысленного развития этой сферы, особое значение придается комплексу мер по государственному регулированию сферы культуры. Именно культура играет консолидирующую роль казахстанского полиэтнического и поликонфессионального общества. «Впереди – большая и ответственная работа, Чтобы пройти глобальный экзамен на зрелость, мы должны быть сплоченными. Мы должны крепить доверие между всеми казахстанцами! Быть толерантными друг к другу! Это ключи к будущему Казахстана. Межэтническое согласие - это живительный кислород. Мы не замечаем его, когда дышим, делаем это автоматически – мы просто живем. Мы должны сами беречь наше единство и межэтническое согласие. Иначе никто и никогда не придет делать это за нас», - отметил глава государства. [1, с. 52].

Главным условием успешного развития Казахстана продолжает оставаться поддержание внутривнутриполитической стабильности, гражданского мира и межнационального согласия. Разработка и реализация эффективной системы мер по дальнейшей гармонизации национальных и религиозных отношений в стране, формированию толерантного сознания и профилактике экстремизма в казахстанском обществе является комплексной задачей, решение которой требует скоординированных усилий государственных и местных органов при широкой поддержке национально-культурных, религиозных и неправительственных объединений. Казахстан, как известно, является полиэтническим государством. Сегодня в республике этнообразования имеют: немцы, корейцы, татары, славяне, чеченцы и ингуши, азербайджанцы, уйгуры, русские, украинцы, евреи, поляки, турки, греки, армяне, белорусы, дунгане, курды, узбеки, казахи, туркмены, болгары, дагестанцы, киргизы, таджики, карачаевцы и балкарцы, китайцы, чуваша, каракалпаки, ассирийцы, чехи, народы Прибалтики, грузины, осетины, лезгины, иранцы, буряты, венгры, румыны [2, с. 259]. Согласно официальным статистическим данным, общая численность населения [Казахстана](#) по данным на 1 октября 2015 года составляет 17 607 800 человек, занимает 64-е место в [списке стран по численности населения](#), этнос — [казахи](#), составляет большинство населения (66,01%). Следующими крупными этносами, населяющими страну, являются [русские](#) (21,05%), [узбеки](#) (3,07%), [украинцы](#) (1,7%), [уйгуры](#) (1,44%), [татары](#) (1,17%), а также корейцев, дунган, чеченцев, курдов, турков, китайцев и других этносов (в совокупности 5,56%) [3, с. 6].

Культура всех этносов в Республике Казахстан рассматривается как общенациональное достояние, и всем гражданам конституционно гарантируются равные права в реализации своих этнокультурных интересов, а полиэтничность Казахстана является важнейшим ресурсом цивилизационного развития. Казахское общество характеризуется толерантностью, она ведет к открытости и, как результат – динамизм. Это индикатор уровня культуры межэтнических отношений, показатель степени межэтнического согласия, показатель общей социальной зрелости людей, их готовности и к общению, сотрудничеству, в чем и складывается суть казахского феномена в культурном развитии.

Казахская культура по своему внутреннему состоянию в полной мере может служить консолидирующим началом для формирования культуры межэтнического общения. Культура Казахстана вобрала в себя многовековые достижения народов, адекватно их выражает в лучших образцах устного и письменного творчества, в зодчестве и живописи, в литературе и фольклоре, в быту и образе жизни, во всех формах жизни, во всех формах поведения и межэтнических отношениях. Именно культура является тем естественным условием, которое объединяет людей разных убеждений и взглядов, пробуждает интерес к совместному проживанию, нивелирует грани непонимания друг друга, делает цивилизованными разные формы сосуществования, предотвращает конфликты и даже войны. Происходит это потому, что достижения культуры, уровни культурного развития – результат

созидания многих поколений людей, итог воплощения их интересов в социальные реалии. В полной мере можно говорить об интегрированной роли культуры, о формирующихся в ней началах консолидирующей идентификации казахстанского общества. Что касается, полиэтничности Казахстана, оно является важнейшим ресурсом культурного развития республики. Фактор полиэтничности эхом отдается в странах происхождения казахстанских этносов и способствует атмосфере доброжелательности и сотрудничества Казахстана с ними на международной арене. Это явно отражается в отношениях с Россией, Украиной, Германией, Турцией, Китаем, Кореей, Польшей и т.д. Этноты Казахстана становятся живым связующим мостом. Таким образом, мир и согласие в нашей стране является важным международным и геополитическим фактором современного мира.

Сегодня всё время пытаются привязать человеческие ценности, а с ними – и человеческую идентичность, к чему-то внешнему: традициям, конфессиям, социальным структурам, этносам. Между тем, человеческая идентичность связана с самым ценным, что есть в самом человеке, с его подлинно человеческим внутренним началом – душой духовной индивидуальностью. Именно поэтому необходим ориентир на высшие ценности, абсолютные, безусловные для любой этнической культуры. Для создания благоприятных условий для этнической жизнедеятельности Казахстана разработана концепция этнокультурного образования, основной идеей которого является создание модели образования, ориентированной на сохранение самобытности этнических культур, групп и одновременно, освоение других культур, то есть на реализацию взаимосвязанных целей: этническую идентификацию и государственную интеграцию. А данная позиция соответствует Гаагским рекомендациям ОБСЕ по правам на образования национальных меньшинств. В частности утверждается следующее: «Вопрос образования для меньшинств, в особенности образования на языке меньшинств или обучения ему, имеет высокий приоритет среди этих проблем, поскольку, согласно недавнему заявлению Верховного Комиссара по делам национальных меньшинств, стало очевидно, что образование – исключительно важный фактор в сохранении и углублении самобытности представителей национальных меньшинств. Право представителей национальных меньшинств на сохранение своей самобытности может быть полностью реализовано только в том случае, если они получают должное знание родного языка во время образовательного процесса. В то же время представители национальных меньшинств ответственны за интегрирование в общество своего государства посредством приобретения достаточного знания государственного языка» [4, с. 5].

Еще одним главным и основным механизмом гармонизации межэтнических культурных отношений является Ассамблея народа Казахстана, идея создания которой была выдвинута Президентом Н.Назарбаевым на I этническом форуме страны в 1992 году, посвященном годовщине Независимости страны. В своем выступлении Глава государства подчеркнул: «Не одно поколение казахстанцев создавало наше главное достояние – дружбу народов. Многие, переосмысливая заново, казахстанцы не вправе растрчивать это богатство, забывать добрые традиции. Они сформировались не в последнее десятилетие и не коммунистическими директивами. Надо повседневно слышать голос каждого народа, любой национальности. Именно поэтому необходимо перевести форум на постоянную основу, создать новый общественный институт» [5, с. 18].

И вот 1 марта 1995 года Указом Президента РК на общественно-политической арене нашей страны появился новый институт – Ассамблея народов Казахстана. К идее ее создания вначале некоторые отнеслись скептически, но благодаря настойчивости и искреннему желанию Н.Назарбаева сохранить главное достояние казахстанцев – дружбу народов, сегодня организация стала мощной силой, объединяющей 470 национально-культурных центров, таких как: Армянское общество «Ковчег-Тапан», Турецкий Этнокультурный Центр «Ахыска», Азербайджанский национально-культурный центр «Новруз», Азербайджанский национально-культурный центр «Низами», Ассоциация корейцев Казахстана, Дагестанский национально-культурный центр «Салам», Дунганский культурный центр, Жамбылская областная курдская ассоциация «Барбанг», Иранский национально-культурный центр, Китайский культурный центр «Дружба», Немецкий общественно-культурный центр «WIEDERGEBOURT» и другие. Так, Ассамблея стала действенным органом народной дипломатии, осуществляя связи с посольствами, устанавливая контакты этносов со странами их происхождения.

Ассамблея народа Казахстана является одним из инструментов гражданской консолидации разных этносов. В целом, с самого начала АНК внесла значительный вклад в возрождении и развитии культуры этносов республики. Всенародными стали Наурыз мейрамы, фестивали корейской, немецкой культур, татаро-башкирский сабантуй, проводятся на республиканском уровне форумы – праздники дунган, курдов и других многочисленных этносов. Проведены всемирный фестиваль уйгурской молодежи, республиканский фестиваль немецкого детского творчества, «книга народной памяти» рассказала о жизни турков Казахстана. Благодаря Ассамблее культурная жизнь этносов стала насыщеннее.

Ассамблея народа Казахстана сегодня – это десятки общественных объединений, представляющих все этносы, это многочисленные конференции, круглые столы, фестивали, конкурсы, благотворительные мероприятия, образовательные программы. Главная цель Ассамблеи является межэтническое согласие в Республике Казахстан в процессе формирования казахстанской гражданской идентичности и конкурентоспособной нации на основе казахстанского патриотизма, гражданской духовно-культурной общности народа Казахстана при консолидирующей роли казахского народа, указывается в Законе Республики Казахстан «об Ассамблее народа Казахстана» [6, с.8]. Оно успешно справилась с первых лет независимости и внесла достойный вклад в строительство нового полиэтнического казахстанского общества. Ассамблея стала реальным институтом консолидирующая более чем 140 этносов многонационального народа Казахстана. Создаваемая в Казахстане при непосредственном участии Ассамблеи народов Казахстана образовательная, культурная и языковая среда для всех этнических меньшинств, наличие информационно-культурных объектов (Домов дружбы, национальных театров, музеев, школ, средств массовой информации), расширяющиеся международные связи вносят свой вклад в общее дело общественно-политического и культурного развития Казахстана и всего его народа. Созданный Главой государства консультативно-совещательный орган гармонизации межнациональных отношений в форме народной дипломатии убедительно доказал свою жизнеспособность и необходимость, органично вписавшись в систему демократических институтов государства [7, с. 95].

По итогам работы АНК мы видим, что в нашей республике успешно решаются многие не только политические и экономические проблемы, связанные с развитием культуры. Среди них: демократическое решение национальных, религиозных, и языковых проблем, которые дали возможность стабилизировать общество и снять нараставшие конфликтные ситуации в начальный период суверенизации страны. Сегодня казахстанцы с удовлетворением воспринимают все инициативы исходящие из недр общества, ощущая результаты проводимой Администрацией Президента, Правительством, Парламентом, политики народно-демократической партией «Нұр Отан» и многочисленными общественными формированиями, среди которых ведущее место занимает Ассамблея народа Казахстана.

Все этносы проживающие в Казахстане на основе действующей Конституции, имеют равные права на равный доступ к сферам образования и труда, на возрождение и развитие родного языка, культуры, традиций, на приобретение жилья и защиту своей собственности. Эти фундаментальные положения по защите прав человека и гражданина, записанные в Конституции Республики Казахстан, будут и дальше воплощаться в жизнь, реализуясь в реальных социальных показателях каждого казахстанского этноса и его конкретных представителей[8, с.76-77].

Сегодня авторитет Казахстана в мире высок благодаря национальной политике, которая служит стимулом для сохранения мира и согласия. Огромная роль в этих процессах как раз и принадлежит Ассамблее народа Казахстана, чей вклад в укрепление межнациональных отношений, межкультурного диалога не оценим. Также необходимо отметить позитивное развитие деятельности национально-культурных центров и межнациональных отношений, которые невозможны без возрождения и развития в дальнейшем самобытной культуры, традиций, языка, обычаев, без защиты национального достоинства этносов, проживающих в нашей полиэтнической республике. Многообразие этнических культур является условием и способом бытия культуры как таковой, культуры, как специфически человеческого способа жизнедеятельности, определенного целеполаганием и смыслоположением, нормативно-ценностными структурами личностного самоопределения и межличностных

взаимодействий. Именно во взаимодействии этнических культур народа Республики Казахстан отстаивают систему общечеловеческих ценностей и цивилизационных устоев современного общества: рыночных отношений, политической демократии, норм правовой и социальной справедливости, художественных богатств, высоких нравственных идеалов и достижения науки.

«Наша великая цель – независимо от своего этнического происхождения сплотиться и стать великой нацией, бережно сохранив и передав нашим потомкам самое дорогое, что у нас есть – суверенный и независимый Казахстан» [9, с. 5]. Эти слова из Доктрины национального единства формулируют нашу главную казахстанскую мечту, в том числе, сохранение и развитие культуры этносов, образующих единый народ Казахстана. Терпимость, взаимопонимание и уважение, компромисс, согласие и мир – вот самые главные достоинства народа, которые должны утверждаться постоянно и в повседневной жизни как нормы достойного идеала. Приверженность этим идеалам позволит государству укрепить демократизацию общества, избежать резких потрясений и поворотов, осуществить либеральное реформирование экономики, и самое главное развить культурную политику государства.

Назарбаев Н.А. Новый Казахстан в новом мире. Послание Президента Республики Казахстан в новом мире. Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана. – Алматы, 2007 – С. 51-55

1. Народы Казахстана. Энциклопедический справочник. – Алматы: Арыс, 2003. – С.352
2. Официальный сайт Агентства Республики Казахстан по статистике <http://www.stat.kz/>
3. <http://www.osce.org/ru/hcnm/32190?download=true> Гагские рекомендации о правах национальных меньшинств на образование и пояснительная записка, 1996г.
4. Официальный сайт Ассамблеи народа Казахстана assembly.kz/small.shtml.
5. Закон Республики Казахстан «Об Ассамблее народа Казахстана» от 20 октября 2008 года.
6. Тугажанов Е.Л., Кан Г.В., Коробков В.С., Шаяхметов Н.У. \Ассамблея народа Казахстана: исторический очерк. – Алматы: Раритет, 2010. – С. 304
7. Мирзоев К.И., Симитков Ж.К. \Надежная опора состоявшегося государства, Алматы, 2015. – С. 76-77
8. http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30501158. Доктрина национального единства Казахстана, Астана, 2009.

Түйіндеме

Асыллова А.Ж. – *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Шығыстану» мамандығының магистранты, aliya_honey@mail.ru*

Ғылыми жетекші: Мирзоев К.И. – *ф.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Шығыс тілдер» кафедрасының меңгерушісі, dr.knyaz@mail.ru*

Көп этностық - Қазақстан халқының мәдениетінің дамуының басты ресурсы ретінде

Мақалада бір мезгілдегі бірделік, толеранттық пен татулықты нығайтудағы Қазақстандағы бүкіл этностардың этникалық әруалуандық пен ерекшелікке негізделген этникалық мәдениеттің қазақстандық үлгісі қарастырылған. Сонымен қатар, Қазақстан халқының Ассамблеясының этникааралық бірлік пен ынтымақтастықты нығайту барысындағы мәдениеттің нығайтуы мен дамытуы көрсетілген. Көп этникалық қазақстандық қоғамның этностық-мәдени бірегейлілігі талданған.

Түйін сөздер: көп этностық, этнос, мәдениет, этностық-мәдени бірегейлілік, Қазақстан халқының Ассамблеясы, этностық-мәдени сәйкестік.

Summary

A.Zh. Assylova – the 2nd course master specialty of Oriental Studies of the Kazakh National Pedagogical University named after Abay, aliya_honey@mail.ru

Scientific supervisor: K.I.Mirzoyev - Doctor of Philosophy, Professor, Head of the Chair "Oriental Languages" of the Kazakh National Pedagogical University named after Abay, dr.knyaz@mail.ru

A multinationality as the main resource of development of Kazakhstani nation's culture

The article is reviewed the Kazakhstan model of ethnic culture, which is based on ethnic diversity, identity of all ethnic groups in Kazakhstan, while strengthening the identity, tolerance and harmony. Also, here is shown the role of the Assembly of Peoples of Kazakhstan in cultural development and strengthening of inter-ethnic peace and unity. There was analyzed the process of ethnic and cultural identity in a multiethnic community of Kazakhstan.

Key words: multi-ethnicity, ethnicity, culture, ethnic and cultural incorporation, the Assembly of Peoples of Kazakhstan, ethnic and cultural identity.

УДК: 378.016:811.111

**ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТТАҒЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ
АУДАРМАДА БЕРІЛУІ**

Мұқанғали М. 3 курс «Аударма ісі» мамандығының студенті,
mtmukangali@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. Н.Р.Шенгелбаева, nurzhamal07@mail.ru

Мақалада этномәдени сипаттағы тілдік бірліктердің аудармада берілу тәсілдері жайлы қарастырылып, қандай да бір тілдегі реалияларды аудару барысында аудармашылар тілдер мен мәдениеттерді байланыстыратын көпір рөлін атқаратындығын есте сақтай отырып, аудармаға үлкен жауапкершілікпен қарауы керек. Себебі, олар аударып отырған тілдің дүниетанымын, тұрмыс-тіршілігін өзге тілге аудару арқылы этномәдени және этно-коммуникативтік қызметтерді жүзеге асырады. Осы орайда, аудармашыларға тілді оқумен қатар сол елдің тарихи және мәдени құндылықтарын да жетік меңгеруі тиіс.

Түйін сөздер: этномәдени сипаттағы тілдік бірліктер, аудармадағы трансформациялар, ұлттық дүние, баламасыз лексика, ономастикалық ұғымдар.

Тіл білімі өзі қаншалықты көне болса, тіл мен этностың ара-қатынас мәселесі де соншалықты бұрыннан келе жатқан, ежелден бар құбылыс. Мәдениет негізінде пайда болған түрлі тілдер арасындағы айырмашылықтарды оның лексикасынан анық көруге болады. Кез келген тілдің нақты және тура аударылмайтын лексикалық бірліктері бар. Аудармашылар үшін айтарлықтай қиындықтар туғызатын тілдік бірліктерге *реалиялар* мен *лакуналар* жатады.

Басқа тілде жоқ немесе басқа тілдерге жатық бір ұлттық дүниенің құндылықтары тілде қалай болса да көрініс табатын ұлттық әлеуметтік-мәдени аясының негізін құрайды.

Аударматануда реалияға тек деректерді ғана жатқызып қана қоймайды, оған сол деректердің атаулары да жатады. Ұлттық сипатқа ие реалия ұғымын ғалымдар баламасыз лексиканың санатына жатқызады. Е.М. Верещагин мен В.Г. Костомаров реалияны басқа мәдени орта мен басқа тілде баламасы жоқ, жеке мәдениеттің элементтеріне тән сөздер деп анықтама береді. Әр тілдің лексикасы бір-бір жүйені құрайды Г.Д.Томахин бүкіл ономастикалық ұғымдарды реалемаларға жатқызған. Олардың кәдімгі жалқы есімдермен салыстырғанда әрқашан ұлттық болмысы бар. Г.Д.Томахин ономастикалық реалийларға төмендегідей категорияларды жатқызады:

1. Географиялық атаулар (томонимдер), әсіресе мәдени-тарихи ассоциациясы туғызатын атаулар;
2. Антропонимдер - тарихи тұлғалардың, қоғамдық қайраткерлердің, ғалымдардың, жазушылардың, өнер қайраткерлерінің, әйгілі спортсмендердің, көркем және ауыз әдебиет кейіпкерлерінің аттары;
3. Әдеби және өнер туындыларының аттары; тарихи деректер мен мемлекет өміріндегі оқиғалар; мемлекеттік және қоғамдық мемлекеттердің аттары мен т.с.с. Ұқсас ой-пікірді А.В.Федоров та қолдайды.

Біз "реалия" ұғымына берілген анықтамалармен таныстық. Ал енді "лакуна" ұғымына анықтама беріп, оны реалийлардан айыруға тырысамыз.

Лакуналарға берілген анықтамалар, негізінен, бір мағыналы емес, түрлі ғалымдар оларды басқаша анықтайды. Осылайша, Ю.С.Степанов лакуналарға төмендегідей анықтама береді : "Екі тіл нормаларының салыстырмалы сипаттауы тілдің семантикалық катасында ішінен, мысалы, тек бір тілді білетін адам үшін көрінбейтін, әр тілде бар сөздік, тілдік олқылықтарды, кемістіктерді айқындайды".

З.К.Темірғазина лакуналарға төмендегідей анықтама береді: "лакуна - белгілі бір тілде бар, бірақ екінші тілде затты немесе құбылысты атайтын сөздер мен ұғымдардың болмауы кезінде пайда болатын қуыстар, бос жерлер мен кемістіктер. Лакуналар ұғымының немесе түсіністің болмауынан емес, бірақ берілген мәдениет үшін белгілі бір аспектілердің, болмысының белгілі бір жағының бөліп шығарылуы мағызсыз, мәнсіз болғандықтан пайда болады".

Реалийлардың басқа мәдениетте бар сөздер мен ұғымдар жоқ жағдайда пайда болатын лакуналардан айыру керек. Бірақ реалийлар да, лакуналар да баламасыз лексика қатарына жататындығын естен шығармаған жөн. Реалийлар - белгілі бір халықтың тұрмыс, мәдениет заттарын атау үшін қолданылатын сөздер. Олар мәдениеттің өзегінде, орталық түсіністік салада орналасқан сөздерді атайды, ал лакуналар

мәдениеттің шеткері аймағында жатады. Олардың тілде пайда болуының көптеген себептері бар.

Лакуналардың пайда болуының негізгі себептерінің бірі мәдениеттердің айырмашылығы, мәселен, тек бір тілде тектік түсінік болғанменен, бөлшектік үзінділер мен фрагменттердің атаулары жоқ. Сонымен бірге, лакуналар бір тілде бар, бірақ екіншісінде жоқ ұғымдар мен түсініктер атауларының жоқ болу салдарынан пайда болады. З.К.Темірғазина лакуналардың пайда болуын төмендегі себептермен түсіндіреді: берілген мәдениет үшін берілген болмыстың кез келген үзіндісі не фрагментінің бөлшектік көрсетуі міндетті болмаған жағдайда бір тілде бар, басқа тілде сөздер мен ұғымдардың болмауы.

Реалия сөздері мен лакуналар бірге этномәдени сипаттағы лексика категориясына жатқызылады деп түсіндік. Кейбір ғалымдар осы екі ұғымды синоним ретінде қолданғанмен, біз оларды бөлек мағыналық топқа жатқызамыз және айырмашылықтары мен ұқсастықтарын атап шығуды жөн көреміз. Мысалы,

- 1) реалийлар тұрмыстың өзгеше, ерекше заттарының, мәдениет артефактарының белгіленуі, атауы болып табылады;
- 2) олар шынайы өмірде кездесетін реалия заттарын білдіреді;
- 3) реалийлар халық мәдениетінің өзегіне жақын ұғымдарды білдіреді;
- 4) лакуналар - салыстырмалы тілдердің біреуіндегі кез келген феноменнің денотатты құрылымының толық емес ұғымдық және семантикалық көрінісінің нәтижесі;
- 5) лакуналар - ұғымның барабар емес вербальды немесе бейвербальды көрсетілуінің салдары;

Этномәдени сипаттағы тілдік бірліктерді аудару жеңіл жүретін үдеріс деп қарастыру мүмкін емес. Ол ерекше ұқыптылық пен шеберлікті талап етеді. Реалема және лакуналарды аудару барысында тіл иесі болмайтын адам көптеген қиыншылықтарға тап болуы мүмкін, алайда көптеген жағдайда мәдени сипаттағы лексикалық бірліктердің ұлттық не болмаса графикалық формасын өзгертпей, сол қалпында қалдыруға мүмкіншілігі бар.

Негізінен, осындай тілдік бірліктерді аудару тәсілдері зерттеп, бірнеше тәсілдерді ұсынған ғалымдар бар, атап өтетін болсақ, В.С.Виноградов, А.В.Федоров, Л.К.Латышев, В.Н.Комиссаров, С.Влахов, В.Флорин, қазақ Р.Сәрсенбаев және Ж.А.Жақыпов. Осы ғалымдармен этномәдени сипаты бар тілдік бірліктерді аудару тәсілдерінің ішінен, транскрипциялау және транслитерациялау, калькалау, болжалды аударма немесе ұқсас балама табу, түсіндірмелі немесе сипаттамалы аударма және жаңа сөз немесе сөз тіркесін жасау тәсілдері ұсынылған болатын. Осы тәсілдердің әрқайсысына тоқталып кетейік.

Транскрипциялау тәсілі реалия сөздерін тілдің артикуляциялық ережелеріне сәйкес аударма тілдің фонетикалық жазу құралдарының

көмегімен басқа тілге сол күйінде енгізуді мақсат етеді. Аталмыш тәсіл көбінесе антропонимдерді, топонимдерді аудару кезінде қолданылады.

Калькалау тәсілі шетел реалия сөздерінің құрамдас бөліктерінің, яғни морфемалардың немесе сөздердің аударылатын тілдің тура сәйкестіктерімен ауыстыру әдісі екені.

Транслитерациялау тәсілі кезінде аударылатын тіл құралдарының көмегімен бастапқы тіл сөзінің (реалиясының) графикалық түрі берілетіні сөзсіз. Яғни бастапқы тілден аударылатын сөз аударма тіліне бүкіл фонетикалық және орфографиялық нормаларын сақтап, берілуі тиіс.

Түсіндірмелі немесе сипаттамалы аударма тәсіліне келер болсақ, бұл тәсілдің лексиканың бірліктерінің мағынасы білдіретін заттың немесе құбылыстың мәнін ашатын жайылма сөз тіркесі көмегімен жүргізілуіне негізделені белгілі. Осы әдістің әрі қолайсыз, әрі үнемсіз екендігіне қарамастан, аудармашы шығармаларда кездескен этномәдени сипаты бар тілдік бірліктерді осы тәсіл арқылы аударарды.

Этномәдени сипаттағы тілдік бірліктердің аудармада берілуін алысқа көз тікпей ақ, өзіміздің М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясының аудармасынан қарастырайық:

- «Өмір-жасың ұзақ болсын! Алдыңнан жарылғасын, қарағым», — деп үлкен бәйбіше шашуын шашты.

- «Да будет жизнь твоя долголетней! Пусть сбудутся все твои мечты, свет мой!» — сказала старшая байбише и бросила шашу.

- I wish you longevity! May all your dreams cometrue!» — said the Elder baibishe and threw the shashoo

Аудармада «бәйбіше» реалиясын аударғанда аудармашылар транслитерация әдісін қолданып және ол реалияларға түсініктеме беріп кеткен: «байбіше — первая жена» — «baibishe — the first wife».

Ал «шашу» сөзін орыс тіліне аударғанда аудармашылар транслитерацияны қолданған да, ағылшын тіліне аударғанда сөзді транскрипциямен беріп жанына түсінік келтірген «Шашу — конфеты и другие сладости» — «Shashoo — sweetmeats». Бірақ аудармашылар Шашу дың қазақтарда қандай дәстүр екдігін түсіндіріп бермеген сондықтан да бұл этнобелгінің спецификалық мағынасы жоғалған.

Келесі әдіс— калькалау. Қазақша реалияларды жеткізуде аудармашылар калькалаудың негізгі 3 түрін қолданған:

1) жартылай калька — бұл жағдайда сөздің жартысы ғана аударылады (каз. «Орта жүз» — Средний жуз — Central Zhuse и др.);

2) фразеологиялық калька — фразеологизмнің сөзбе сөз аудармасы (каз. «Ішің ауырса, ауызыңды тый» — Заболел живот — держи рот пустым — If your belly hurts then your mouth should be empty.);

3) жалған калька — өзге тілдегі сөздер мен сөзтіркестерінің морфолого-семантикалық құрылымын қате түсіну кезінде пайда болады («бес

қасқа» — пять лысых — five baldmen и др.). Это видно из следующего примера:

- «Кел», — депшақырып ап, — пісмілдә, — деп, өзіаттандырды
- «Пройди сюда», — подозвала она его сына. — «Писмильда», — сказала она, и с этим благословением сама подсадила его на коня.

«Come to me», she called her son. «Bless you», she said and helped him into the saddle.

«Пісмілдә» сөзін орысшаға аударғанда транслитерация әдісі қолданылған бұл этой реалии. «писмильда» — искаженное «бисмиля» — буквально: «во имя бога» — напутственное благословение». Ағылшын тіліне бұл реалия — «Bless you» деп жалған калька арқылы беріле салған және ешбір түсініктеме келтірілмеген.

Бұл мысалдарға сүйене отырып, аудармадағы калькалау, транскрипция немесе транслитерация әдістері шет тілін меңгермеген оқырманға этномәдени тілдік бірліктердің толық мағынасын жеткізе алмайтындығын аңғаруға болады. Қандай да бір тілдегі реалияларды аудару барысында аудармашылар тілдер мен мәдениеттерді байланыстыратын көпір рөлін атқаратындығын есте сақтай отырып, аудармаға үлкен жауапкершілікпен қарауы керек. Себебі, олар аударып отырған тілдің дүниетанымын, тұрмыс-тіршілігін өзге тілге аудару арқылы этномәдени және этно-коммуникативтік қызметтерді жүзеге асырады. Осы орайда, аудармашыларға тілді оқумен қатар сол елдің тарихи және мәдени құндылықтарын да жетік меңгеруі тиіс деген қорытындыға келдік.

1. Федоров А.В. Основы общей теории перевода – М.-1983;
2. Томахин Г.Д. Реалии в языке и культуре; ИЯШ. -1997;
3. Виноградов В.С. Лексические вопросы художественной прозы
4. Әуезов М. Абай жолы. I-, II-т. — Алматы; : Қазақ. мемл. көркем әдебиет баспасы, 1961;
5. Влахов С., Флорин С. Непереводимое в переводе. М.: Международные отношения, 1986;
6. Ауезов М. Путь Абая. Роман-эпопея: В 2 т. — Алматы. В 2 т. — Алматы: Жазушы, 2007.

Резюме

**Репрезентация этнокультурных лексических единиц в переводе
М.Мукангали студент 3 курса по специальности «Переводческое
дело», mtukangali@mail.ru**

Научный руководитель: ф.ғ.к. Н.Р.Шенгелбаева, nurzhamal07@mail.ru

В статье рассматриваются методы перевода этнокультурных языковых единиц, так же функции переводчика в процессе перевода реалий в том

или ином языке. Процесс межкультурной коммуникации представляет собой общение представителей разных этнокультур, которые определяют для них систему взаимоотношения с окружающей действительностью и характер отношения к различным её реалиям. Этнокультурная специфика зачастую приводит не столько к взаимодействию, сколько к «столкновению» картин мира коммуникантов. Сходная ситуация складывается и при переводе иноязычного текста: переводчик и автор принадлежат к разным этнокультурам, поэтому специфика картины мира переводчика не может не реализоваться в тексте перевода. В связи с этим представляется интересным определить точки соприкосновения и взаимодействия ключевых понятий межкультурной коммуникации и современного переводоведения. Для этого необходимо исследовать общие механизмы функционирования перевода, как акта опосредованной межкультурной коммуникации, проявляющиеся при репрезентации этнокультурных лексических единиц в переводе.

Ключевые слова: языковые единицы, этнокультурный характер, трансформации при переводе, национальный мир, безэквивалентная лексика, ономастические понятия.

Representation of the ethnic and cultural lexical units in translation

*Marya Mukangali the third course student specialty of "Translator
Consultant", mmukangali@mail.ru*

Scientific adviser: candidate of philological sciences Nurzhamal
R.Shengelbaeva, nurzhamal07@mail.ru

In the article considered methods of the translation of ethno-cultural language units, and functions of the translator in translation process of realities in this or another language. The problem of relations between language, culture and speaker is one of the fundamental problems in modern linguistics. This problem is defined by many researchers as “anthropological”. Language is a reflexion of an ethnic group’s culture, a means of transmitting cultural values through generations and the major tool of cognition. As language sets the parameters of human perception of the world and stereotypes of daily behavior, any linguistic research in the field of language semantics deals with the interrelations of the concepts of language, culture, and personality. Recent trends in Translation Studies advocate a focus on translation as a form of intercultural communication. Yet in some cases there seems to be a lack of awareness as regards the theoretical problems involved in every cultural approach to translation. The aim of this article is to highlight some aspects of these problems by bringing to the fore the interconnections between the question of translation and the general issue of culture.

Keywords: Language, language units, ethnocultural character, minority ethnic communities, representation, transformations in the translation.

УДК 378.016;81.

**Мәдениетаралық қатысымның сөйлесу әрекетінің төрт түріне
үйретуде студенттердің ізденушілік-ақпараттық құзыретін
қалыптастыру**

Сакариева А.К_2 курс магистранты

Абай атындағы ҚазҰПУ, Көптілді білім беру институты

Ғылыми жетекшісі: Абдрахимова Г.Б. ф.ғ.к., доцент

Еліміздің тарихында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, білім беру саласындағы жаңа бағыттар, ағылшын тілін оқытуды үнемі жетілдіруді, оқытудың ғылыми және әдістемелік деңгейін көтеру міндеттерін жүзеге асыруды талап етуде. Осыған орай, ағылшын тілін тілдің үш тұғырының бірі ретінде қызмет етуінің алғы шарты – оның қоғамдық өмірдің әр алуан саласында қолданылуы болып табылады. Қоғамды ақпараттандырудың басты мақсаты – білім беру саласы арқылы ақпараттық үдерістерді, құбылыстарды, олардың арасындағы өзара байланыстарды модельдеу негізінде қабылданған шешімдердің нәтижелерін талдау және болжау, оқу мен практикалық міндеттерді шешудің стратегиясын жасау, мамандардың педагогикалық кәсіптік біліктілігін қалыптастыру, олардың жеке және альтернативті ойлау қабілеттерін дамыту, қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану әдістерін меңгермей жүзеге асыру мүмкін емес. Бүгінгі күні ақпараттық технология өндірісте, кәсіпорындарда, құжат өңдеу іс-әрекеттерінде кеңінен қолданылуда, оның қамтитын іс-әрекет саласы зор қарқынмен өріс алуда. Мақалада мәдениетаралық қатысымның сөйлесу әрекеттерінің қатысуымен жеке тұлғаның ізденушілік-ақпараттық құзыретінің дамуы туралы сөз болады.

Түйін сөздер: құзыр, құзырет, ақпараттық құзырет, құзыреттілік, ізденушілік ақпараттық құзырет, мәдениетаралық қатысым, сөйлесу әрекеттері.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру,

халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді[1].

Қазіргі кезде біздің Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, соның негізінде біздің Республика әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Білім берудің парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, басқаша қарым-қатынас, өзгеше менталитет пайда болды. Сонымен қатар білім мазмұны жаңа біліктермен, білім алушылардың ақпаратты қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарықтық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде. Баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат-тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде. Оқу-тәрбие үрдісі қоғамдық біліммен барабар педагогикалық технологияны кеңінен қолдануға және ғылымның рөліне мән беруде.

Тұлғалық - бағдарлық білім беруді кең түрде игерумен байланысты педагогикалық мақсаттар аймағындағы өзгерістер толықтай, тұлғалық және әлеуметтік ықпалдылық нәтижесін анықтау қажеттілігін туындатты. Білім беру нәтижесінің жиынтығы болып табылатын коммуникативтік, дүниетанымдық, когнитивтік, мотивациялық-құндылықтық құрамдар ретіндегі ықпалды әлеуметтік-тұлғалық мінез-құлықтық феноменнің жалпы анықтамасы "құзырет/құзыреттілік" болып табылады [2]. «Құзырет» ұғымына берілетін анықтама нақты шешілетін мәселелер мен нормативтік міндеттерге, процесстер аймағындағы қарым-қатынастағы жеке тұлғаның қасиеттерімен байланысты болса, ал «құзыреттілік» жеке тұлғаның қызметке құлшынысы мен нақты әрекеттерді іске асыруымен байланысты анықталады [3].

«Құзырет» сөзі «құзыр» сөзінен алынған туынды сөз екендігіне баса назар аударамыз. Бұл туралы қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «құзыр (компетенция) – жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деп берілген [4]. Ал "Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында" «құзырет (компетенция)» – нақты органның не лауазымды тұлғаның заң жүзінде белгіленген өкілеттіліктерінің, құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы деп көрсетілген [5].

Студенттердің ақпараттық-ізденушілік құзыреті өздерінің ізденушілік-ақпараттық мүмкіндіктерін ақпарат әлемінде жаңа технологиялар мен библиографиялық ресурстар арқылы қолдана алу біліктіліктері[6].

Өз кезегінде ақпараттық-ізденушілік құзыретінің құрылымына зерттеу тақырыбын анықтау, негізгі сөздер мен терминологияны тұжырымдау, зерттеуге қажетті материалдар түрлерін анықтау, қажет мәліметтерді іздеуде электронды құралдарды қолдану жатады. Сонымен қатар, ұқсас материалдарды іздеп жүзеге асыру және анықтау, берілген тапсырмаға алуан түрлі ізденудегі ақпарат көзін анықтау, дәйексөздерді дұрыс қолдану, табылған мәліметтерді жіктеп және оны зерттеуге қолдану, табылған мәліметтерді бағалау (олардың нақтылығын тексеру), т.б. жатады.

Ғалымдар ақпараттық құзыретті көп аспектілі түсінік ретінде анықтай келе, қоғамдық ақпараттың құбылысын технологиялық революциямен және ақпараттық-коммуникативті технологияның пайда болуымен байланыстырады.

Қазақстанда шет тілін оқытудың жаңа кезеңі басталғаннан бері, тіл үйретудің мақсат-міндеттерін, құндылығын, жалпы методология мен оқыту технологиясын қайта қарастыру қажеттілігі туындай бастады. Әлеуметтік-тарихи себептердің салдарынан, қоғамның тіл меңгерудегі мотивациясы, бұл пәнге деген қарым-қатынасы түбегейлі өзгерді.

Қазақстанның әлем қауымдастығына енуі, саясат, экономика, мәдениет және ұлттық идеологиядағы үлкен қадамдар – осының бәрі шет тілін оқыту теориясында өзге бір қарбалас кезеңін тудырып, ғылым, мәдениет, техника, бизнестің әртүрлі саладағы мамандары шет тілін, өндірістің құралы ретінде пайдалану үшін, меңгеруге асқан ұмтылыс білдіре бастады.

Басты мақсат - тіл үйренушіні шет тілінде, мейлі өз деңгейінде болсын, толыққанды тілдесе білуге бейімдеу. Осы кезеңге дейін, шет тілін оқытудың дәстүрлі бейнесі тек мәтінді оқып аударумен шектелсе, енді тіл үйренуші тілде тек қана оқып қоймай, оны тыңдап түсініп, өз ойын қағазға түсіріп, өмірлік жағдаяттарда тілдескісі келе бастады.

Бұл кезең - тек тіл үйренушілер үшін ғана емес, шет тілі оқытушылар үшін де дағдарыс кезеңі еді. Жалпы еліміздің батыс елдерімен шектеулі қарым-қатынаста болуы, шет тілінде шынайы тілдесімнің жоқтығы халықтың тілді меңгеру деңгейін белгілі баған бойынша көтеруге мүмкіндік бермеді.

Еліміздің әлеуметтік өмірі күрделі өзгеріске ұшыраған кезеңнен бастап, батыс тілдері ғылымның барлық саласында жан-жақты, әрі сапалы түрде оқытыла бастады.

Тіл мен мәдениет өзара тұтас дүние, ал тілді мәдениетаралық қатысым негізінде оқыту тиімділігі өз бағасын алды. Шет тілінің әрбір сабағы – бұл мәдениеттің тоғысуы, себебі әр шет тіліндегі сөз өзге елдің әлемі мен мәдениеті теңдес.

Мәдениетаралық қатысым – әртүрлі ұлттық мәдениет өкілдерінің тілдесім кезінде бір-бірін адекватты түрде түсінуі болып табылады.

XX ғасыр соңында тілді меңгеру сапасына қойылған әлеуметтік талаптарға жауап бере алу үшін ұтымды әдістемені іздеу тұйыққа тірелу дегенді көрсетпейді. Бұл бүгінгі әлеуметтік тарихи жағдайлармен негізделген шетел тілін оқыту әдістемесінің алға дамуын көрсетеді. Өткен ғасырдың 90-жылдарында тілді мәдениетаралық қатысым құралы ретінде оқытуды талап ету, қатысымдық әдістеменің қалыптасып болмастан жаңа әдіске орын беруі, әдістеме эволюциясында мәдениетаралық қатысымдық кезеңнің басталуына себепкер болды [7, 31 б.]. Әдістерді атап айтар болсақ, «жеке тұлғаға бағытталған», «әлеуметтік мәдени», «когнитивтік», «прагматикалық», «дискурсивтік», «диалогтық», «рефлексивтік» және т.б. бір жағдайда ғана, егер олар қазіргі шеттілдік білім беру әдіснамасының бір құрамдас бөлігін міндетті түрде осы әдіснаманың бірыңғай «әдістемелік жүйесінде» қазіргі уақытта «мәдениетаралық қатысымдық оқыту» немесе «мәдениетаралық қатысым» деп танылатын шетел тілін оқытудың немесе

шеттілдік білім беру тұжырымдамасының концептуалдық бейнесін көрсетер болса, онда оларды әдіснамалық ұстанымдар деп атауға болады[7, 726].

Мәдениетаралық қатысым теориясы өз бастауын 1954 жылы, Э.Холл мен Д.Трагердің «Мәдениет және коммуникация. Талдау моделі» («Culture as Communication») атты еңбегі жарық көрген кезеңнен алды деген ұғым қалыптасқан. Бұл еңбектің авторлары «мәдениетаралық қатысым» терминін адамдар арасындағы қарым-қатынастың ерекше нүктесін білдіру үшін қолдануды ұсынған екен[8].

Қатысым әдісінің негізгі мақсаты - студенттерді бірінші сабақтан бастап сөйлеу әрекетіне баулу, тілді үйретуді күнделікті өмірде жүзеге асыру, сабақты практикалық жағынан жан-жақты қамтамасыз ету. Сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым) меңгерте білу. Өйткені кез-келген тақырыптағы тілдесім процесі сөйлеу, жазу, оқу, тыңдау әрекеттері арқылы іске асады. Сол себепті әдістеме ғылымында сөйлеу әрекетінің мынандай негізгі түрлері белгіленген: продуктивті (айтылым мен жазылым) және рецептивті (тыңдалым мен оқылым). Айтылым мен тыңдалым сөйлеу әрекетінің ауызша түрін, ал жазылым мен оқылым - жазбаша түрін құрайды. Тілдік қатынастың ауызша және жазбаша түрі өзара тығыз байланысты және үнемі бір - бірімен әрекеттес болады. Мұнда оқу сырттай немесе жеке - дара күйде іске аспайды, адамдардың іс жүзіндегі өзара іс-әрекеті үстінде, ауызба-ауыз сөйлесуі, тілдесуі арқылы болады.

Куклина С.С. өзінің «Жалпы білім беру мектебінде шетел тілі пәні арқылы түлектердің ақпараттық құзыретін қалыптастыру» атты мақаласында шет тілі сабағында ақпараттық құзыреттің қалыптасуы коммуникативті құзыреттің меңгерілуімен тығыз байланысты, яғни оқушылардың сөйлеу әрекеттерін (айтылым мен жазылым және тыңдалым мен оқылым) тіл тасымалдаушысымен тікелей жүзеге асыруына дайын болуын тұжырымдаған. Қарым - қатынас барысында сөйлеушілер арасында түрлі ақпарат алмасу жүреді. Ал ол ақпарат ауызша немесе жазбаша түрде және де қағаз бетіне жазылған түрде, видео немесе электронды тасымалдаушы арқылы көрсетілуі мүмкін.

Ізденушілік-ақпараттық құзыреттің оқылым түрінде қалыптасуы үшін оқылымның негізгі түрлері жүзеге асуы тиіс. Олар: аналитикалық және критикалық оқылым түрлері. Аналитикалық оқылым нәтижесі ретінде білім алушы шетел тілінде ақпаратты оқып, оны қысқаша мазмұндап, нақты бөлімдерінің немесе толық мәтінді өз сөзімен айтуы және дәйексөз келтіруі тиіс[9]. Ал критикалық оқылым түрінде студент оқыған ақпаратты өзінің аты айтып тұрғандай, критикалық тұрғыдан қарастырып, талдап, ой елегінен өткізіп, өз ойын қосып, қорытындылайды.

Мәдениетаралық қатысымның жазбаша түріне үйретуде студенттер өзінің алған әсері туралы қысқа, шағын әңгімелер жаза алуы, логикалық мазмұнына сай жүйелі түрде толтыра білуі, әр түрлі тақырыпта сұхбат құрастыра біліп және пунктуация ережелерін сақтай білуі тиіс.

Қорыта айтқанда, жұмысты өз бетінше аяқтаулары керек. Жазу дағдылары оқыған лексика мен грамматикалық тақырыптарға негізделіп жасалады. Үлгімен тексерілетін дұрыс жазуға үлкен назар аударылады. Жазбаша тапсырмалар бірнеше сөйлемнен тұрады.

Тыңдалым әрекетіне келер болсақ, мұнда оқушы ақпаратты есту арқылы қабылдап, ойша ой түйіп, қорытындылап, ауызша айтылым әрекетін пайдаланып, не болмаса жазбаша түрде қағаз бетіне түсіруі мүмкін.

Сонымен, мақаламызды қорыта келсек, тіл – мәдениеттің асыл мұрасы, таусылмас қазынасы. Тіл мәдениетсіз өмір сүрген емес, сол себепті де, шет тілін қарым-қатынас құралы ретінде оқыту міндеттері сол елдің, ұлттың қоғамдық және мәдени өмірін оқыту міндеттерімен ұштасып жатыр. Қазіргі кезде ақпарат түрлері де, көздері де көп, сондықтан қазіргі заман талабына сай болу үшін, білім алушылар оны жан – жақты қарастыруы тиіс.

1. *Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2013, шілде - 27.*
2. *Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. № 5, 2003. С.34 – 42.*
3. *Шевченко В.А. Компетентный подход в деятельности руководителя современного образовательного учреждения// Педагогическая наука и образование в России и за рубежом: региональные, глобальные и информационные аспекты. №3, 2006. 218 с.*
4. *Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі*
5. *"Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы". Алматы, 1997. 6 том. Б.96.*
6. *Лобач Н.В. Понятия и сущность поисково-информационной компетентности// Международный журнал экспериментального образования. 2013, № 4. С. 179-182;*
7. *Құнанбаева С.С. «Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы» Алматы, 2011.*
8. *Тер-Минасова С. Язык и межкультурная коммуникация. М. 2013.*
9. *Куклина С.С. «Формирование информационной компетенции выпускника общеобразовательной школы средствами предмета иностранный язык» //Иностранные языки в школе// №6, 2013.с7.*

Резюме

Сакариева А. К магистрантка 2 курса по специальности: «Иностранный язык: два иностранных языка», КазНПУ им.Абая

Абдрахимова Г.Б.- к.ф.н, доцент КазНПУ им.Абая

Now we consider the cognitive characteristics of the number "four" in English and Kazakh cultures. The value and cognitive characteristic of the number "four" in the aspect of cultural, religious outlook is related with legends, customs and traditions. According to ancient sources the appearance of the phrase "four seasons" came later. The inscriptions on bones made a square with four corners, but the seasons are not named. Because of this it was believed that if the north was the cause of death, the south was symbol of all life and a new life. This concept has enhanced the understanding of space and replaced bilateral burial to quadrilateral.

In the Kazakh people tradition we can see also quite clear cognition about figure "four". For example, "all four sides are the same", "tie on four sides", "four eyes on the spot", "if all four are friends, someone will come down from the top" [6]. The number "four" symbolizes the "unity" and "concord". It is based on the belief the universe is made up of a combination of four eternal "elements" or "roots of all": earth, fire, water, air. Number 4 is the number of the earth and mankind; there are four cardinal points: North – South – East – West.

The Kazakhs phrase "four parts of the world" means east, west, south and north, as well as the meaning of the plurality.

“Атақты Майқыби «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді», төртеу түгел болса, төбедегі келеді; Төрт құбыла тең болса, бақытта, берекеде болады деген сөз.” In Kazakh cultural worldview the number four also represents unity, balance, totality and stability.

Concluding whole investigation, we can say that research of numerative in relation of culture and language can help reveal cultural specifications of culture, help to understand world perception, philosophical comprehension of the world, values and virtues which were formed throughout several centuries.

The concept “number” appears to us as an absolute means by which many cultures express their vision of the world. We considered history and concept of numbers which are used in traditions and mode of life of English and Kazakh people. From them we can get cognitive information about different historical periods and forming worldview and superstitions.

5. Maslova, V.A. (2007). Lingvoculturologia: Ucheb. posobie dlia stud. VUZ-ov. Moscow. Flinta. p.99
6. Zhanpeyessov E.. Ethnocultural linguistic of Kazakh language. – Almaty .p. 288
7. Kasym B. Сөзжасам: семантика. Уәждеме. – Алматы, 2003 – 168 б. Kenzheakhmetuly S (2006). Life and Culture of Kazakh People. Almaty, 320-321.
8. Kalashnikov. V. I «Энциклопедия религий и верований народов мира». – М.: «Престиж-бук», 2001.
9. Mazhitaeva, Sh., & Abdrazakova, A. (2012). The peculiarities of using numerals in fixed expressions. Education and science without borders Journal, 3, 144-147. Karaganda, Republic of Kazakhstan and Prague, Czech Republic.
10. Syzdykova R (1994). The Words Speak. Almaty. P.272.

Түйіндеме

«Сан» концептісінің тарихы және ағылшын лингвомәдени аспектісі

Құрмамбаева Ж.Б. – *Магистр, аға оқытушы*

Нұрғазина Е. *Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының түлегі*

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті

Көптілді білім беру институты

Ағылшын және қазақ мәдениетіндегі “Сан” концептісінің аспектілерін тарихи, лингвомәдени ерекшеліктері мен танымдық тұрғыдан зерттеуге арналған. Тарихы, мұрасы, тіл байлығы мол дәстүрлі қазақ және ағылшын халықтарының концептісіне лингвомәдени талдау жасау арқылы қазақ және ағылшын халықтар әлемінің тілдік бейнесінің қалыптасуын көрсетілген.

Түйін сөздер: түсінік, дүниетаным, құндылықтар, тілдік мәдени аспектілер, танымдық бейне.

Резюме

Историко-английский лингвокультурологический аспект концепта

«Число»

Курмамбаева Ж.Б. –*Магистр, ст.преп.*

Нургазина Е. *Выпускник специальности Иностранный язык: два иностранных языка*

Казахский Национальный Педагогический Университет, Институт полиязычного образования

Статья посвящена концепту “Число”, который несет и имеет исторические, культурные особенности и познавательные аспекты в английском и казахском культурах. Лингвокультурологический анализ концепта способствует определению языковой картины мира казахского и английского народов через богатую лексику двух народов.

Ключевые слова: понятие, мировоззрение, значения, язык - культурные аспекты, познавательное изображение.

УДК 378.016:811.111:811.512.122’373

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сактаганова К.К.–*Абай атындағы ҚазҰПУ «6М011900- шетел тілі: екі шет тілі» мамандығының 2- курс магистранты* kamajay.sk@mail.ru

Ғылыми жетекші: Абдрахимова Г.Б - *ф.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ кәсіби шетел тілі коммуникациясы кафедрасының доценті* gulnara-agb@mail.ru

Аталған мақалада ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің ерекшеліктері мен ұқсастықтарының мәселесі қарастырылады. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің ортақ қасиеті - олар жеке сөздің қызметін атқарады және мағынасының тұтастығында, ал сөйлем ішінде бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарады. Екі тілден жинақталған материалдар фразеологизмдердің сыртқы құрылымы екі, үш, төрт, бес, одан да көп сыңарлы болатынын және сөйлемде ұқсас мағынада кездесетіндері анықталды.

Қос тілдегі фразеологизмдердің қалыптасуы сол халықтардың ұлттық-мәдени ерекшеліктері, тұрмыс-тіршілік, салт-дәстүр, наным-сенімдерге байланысты пайда болып, әр халықтың рухани байлығына айналған.

Түйін сөздер: фразеологизмдер, еркін сөз тіркесі, фразеология, фразеологиялық бірліктер .

Кез келген тілдің ұлттық қазынасы, мәдени ақпаратты сақтаушы қоры, аялық білім түрі -«фразеологизмдер», әр ұлттың өзіне ғана тән көркем сөз орамдары болып табылады. Сондықтан осы мақалада әлеуметтік-мәдени күзиретті қалыптастыруда негізгі «құралымыз» болып отырған фразеологизмдердің ерекшеліктеріне тоқталып өтеміз.

Фразеологизм дегеніміз(грек тілінің «*phrasis*» -сөйлемше немесе ұғым және «*logos*» -ғылым деген сөздерінен шыққан) – мағына тұтастығымен, құрамында екі және одан да көп сөздердің болуымен, компоненттерінің тұрақты құрамымен, грамматикалық құрылымының тұрақтылығымен ерекшелінетін тұрақты тіркестер болып табылады [11].

Тіл білімінде «фразеология» термині негізінен екі түрлі мағынада қолданылады.Біріншіден, тілдегі тиянақты тұрақты сөз тіркестерін қазіргі және тарихи даму тұрғысынан зерттейтін тіл білімінің бір саласы, екіншіден, белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы ретінде қарастырылады.

1990 жылы шыққан «Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте» фразеологизмге мынадай анықтама берілген: «Фразеологизм дегеніміз- формасы жағынан синтаксистік құрылымдармен ұқсас, бірақ олардай жалпы заңдылыққа сай сөйлеу кезінде жасалмай, даяр қалпында қайталап қолданылатын, семантикалық және лексика-грамматикалық құрамы тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелер» [1].

Фразеологизмдерді зерттеу арқылы тек тілдің өткенін, түп тамырын ғана емес, сол тілді қолданушы халықтың мәдениетінің тереңін біліуге болады.

Фразеологизмдердің еркін сөз тіркестерінен айырмашылығы: Біріншіден, еркін сөз тіркестері сөйлеу кезінде сөздердің мағынасы жағынан өзара үйлесе отырып, кем дегенде екі сөздің грамматикалық жолмен еркін тіркесуі арқылы жасалады, бірақ еркін сөз тіркестерінің құрамы тұрақты болмайды. Олардың құрамындағы сөздерді мағынасы, айтылуы жағынан солармен үйлесетін басқа сөздермен айырбастауға және олардың орнын ауыстыруға болады. Мысалы: *зәулім үй* дегендегі *зәулім* сөзін *биік* сөзімен, *асықпай сөйледі* дегендегі *асықпай* сөзін *баптан, жайлап* сөздерімен ауыстырғаннан тіркестің мағынасы өзгермейді. Ал фразеологизмдерге келсек, олар да кем дегенде екі сөздің тіркесуінен жасалады, бірақ олардың құрамы тұрақты. Мысалы: *қанжырдай қатқан, жігері құм болды, нарттай жанды, ұзында өші, қысқада кегі* сияқты тіркестердің құрамын өзгертуге, басқа сөздермен айырбастауға болмайды. Олар өздерінің фразеологизмдік сипатын сақтау үшін, құрамының біртұтастығын, тұрақтылығын өзгертпеуге тиіс. Ондай болмаған жағдайда фразеологизмдік қасиетінен айырылады.

Екінші айырмашылығы – фразеологизмдердің мағына тұтастығында. Фразеологизмдер мағына тұтастығын сақтайды, фразеологизмдердің мағыналық тұтастығы құрамындағы сөздердің жеке мағыналарына тәуелсіз. Фразеологизмдердің мағыналары құрамындағы сөздердің лексикалық мағыналарымен сәйкеспейді, яғни лексикалық мағыналардың жиынтығы емес. Сонымен қатар, фразеологизмдер даяр қалпында қолданылады [2, 184-6].

Фразеологизмдер айтайын деген ойға айрықша әр, мәнерлілік береді. Бұлар - халық даналығына суарылған образды ойлау тілінің үлгісі.Фразеологизмдер кез келген салада (ауыз-екі тілдесімде, ресми және бейресми тілдесімде, публицистикада, т.б) қолданылады.

Негізінен, «фразеология» терминін және теориялық негізін швейцариялық лингвист ғалым Шарль Балли өз еңбегінде стилистика саласына кіргізіп, қолданған [3].

Фразеологияға қажетті теориялық материалдар орыс тіл білімінде: В.В.Виноградов, Н.М.Шанский, В.П. Жуков, А.В.Кунин, Н.Н.Амосова, қазақ тіл білімінде: І.Кеңесбаев, М.Балақаев, К.Аханов, А.Ысқақов, С.Исаев, Р.Әміров, Т.Сайрамбаев, М.Оразов, А.Аблақов, С.Сәтенова. Г.Смағұлова т.б тілші мамандарының еңбектерінде жарық көрген.

Кеңес одағында және қазақ тіл білімінде фразеологизмдерді теориялық жағынан зерттеу ХХ ғасырдың 40-жылдарынан басталды. Бұл мәселемен түбегейлі шұғылданып арнайы зерттеулер жүргізген – қазақ академигі І.Кеңесбаев болып табылады. І.Кеңесбаевтың авторлығымен шыққан «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» еңбегінде, қазақ тілінің фразеологизмдері туралы жазған мақаласында фразеология туралы: «Тіл-тілдің өзіне тән

ұлттық қасиеті оның барлық тарауларынан (ярустарынан) байқалатыны мәлім. Сол қасиет, әрине, тиянақты сөз тіркестерінен де анық көрінеді. Тіл байлығын сөз еткенде сөз байлығы (лексикалық қор) деген топқа осы сөздікте қамтылған алуан түрлі фразеологизмдерді жай, жалпылай жатқыза салуға болмайды. Басқаша айтқанда, сөз байлығын тексеретін тіл білімі саласын лексикология деп атайтын болсақ, фразеологизмдер байлығын тексеретін тіл білімі саласын фразеология деп атау әбден орынды», -деп жазады [4].

Кеңес одағының лингвист ғалымы Н.Н.Амосова бойынша фразеологиялық бірліктер тілде ешқашан лезде, тез, әрі сапалы уақытылы қолданылып жүрген тіркестердің тұрақталуынан пайда болмайды. Оның қалыптасу үдерісі, сол тіркестердің жай ғана қайталанудан тілдік тұрақтылық жағдайына өтуінен пайда болады деп бекітеді [5].

Фразеологиялық бірліктер кез келген тілдің фразеологиялық қорының елеулі бөлігін құрайды. Философиялық жақтан қарастырғанда, фразеологиялық бірліктер адамның абстрактілі ойлауын дамытудың көрінісі болса, лингвистикалық тұрғыдан осы ойдың тілдік қолданыста бейнеленуі. Сонымен қатар фразеологиялық бірліктер – сипатталушы нысанның бейнелілік, көркемдік, эмоционалды – экспрессивтік сапасын күшейтетін көркемдік әдіс. Фразеологияда, фразеологизмдердің қасиеттеріне және зерттеу әдістеріне қарай, тілдің фразеологиялық құрамының түрлі классификациясы ұсынылады.

Академик В.В.Виноградов фразеологиялық бірліктерді бүтіндей фразеологизмнің бір тұтас мағынасы мен оны құрастырушы сыңарлардың мағыналарының ара қатысы тұрғысынан фразеологиялық тұтастық (фразеологическое сращение), фразеологиялық бірлік (фразеологическое единство) және фразеологиялық тізбек (фразеологическое сочетание) деп үш түрге бөледі [6].

Фразеологиялық тұтастық деген – мағынасы жағынан құрамындағы сыңарлардың мағынасымен мүлдем байланыспайтын, бөлініп ажыратылмайтын, біртұтас қалпында қолданылатын тіркестер. Мысалы, *жүрек жұтқан, жүрегіннің түгі бар* (өте батыл, ештеңеден қорықпайтын), *ит өлген жер* (өте алыс), *қол қусырып* (бостан босқа), немесе ағылшын тіліндегі «*to let the cat out of the bag*» (біреудің сырын ашу). Яғни берілген фразеологизмдердің мағынасы құрамындағы сөздердің мағынасынан емес, сол сыңарларының тұтас жиынтығынан келіп шығады.

Фразеологиялық бірлікке қазақ тіл білімін зерттеуші ғалым К.Аханов мынадай анықтама береді: «Фразеологиялық бірліктің бір бүтін мағынасы сыңарлардың лексикалық мағыналарына таралып бөлшектенбей, мағынасы өзін құрастырушы сыңарлардың мағыналарының бірлігінен пайда болып, образды туынды мағына ретінде танылады» [7, 218-6]. Мысалы, *түймедейді түйедей ету* (кіші нәрсені, мәселені үлкейту), *тайға таңба басқандай* (анық, айқын), *екі езуі екі құлағына жету* (қуану, күлу), ағылшын тілінде “*to give a person bad look*” (біреуге ашулы немесе ала көзбен қарау);

Фразеологиялық тізбек – ерікті мағынасындағы (свободное значение) сөз бен фразеологиялық байлаулы мағынасындағы сөздің тіркесінен жасалып, өзінің даяр қалпында, тіркескен күйінде жұмсалады. Мысалы, *мидай дала, асқар тау, шалқар көл* деген фразеологиялық тізбектердің құрамындағы ерікті мағынасындағы *дала, тау және көл* деген сөздер әр түрлі сөздермен тіркесіп жұмсала берсе (мысалы: *жазық дала, биік тау, терең көл*, т.б), фразеологиялық байлау мағынасындағы *мидай* сөзі *дала, асқар* сөзі *тау, шалқар* сөзі *көл* сөздерімен ғана тіркеседі [7, 220-6].

Лингвист Н.М.Шанский В.В.Виноградовтың ұсынған классификациясына жоғарыда аталған фразеологизмнің қатырына төртінші қосымша түрін «фразеологиялық сөйлемшелерді» (фразеологические выражения) енгізеді.

Қазіргі таңда жалпы тіл білімі саласында фразеологизмдердің теориялық сипаттарын нақтылауда Н.М.Шанский ұсынған фразеологизмдердің классификациясы жиі қолданылады.

Фразеологиялық сөйлемшелер – мағынасы ерікті сөздердің тіркесінен құралады, бірақ құрамы мен қолданылуы тұрақты болып келеді. Мысалы, жоғары оқу орны, соғыс өрті тұтандырушылар, көрпеңе қарап көсіл.

Совет Одағының лингвисті Н.Н.Амосова ұсынған фразеологиялық бірліктерді фразеологиялық түйдек (идиома) және фразеологиялық тіркес (фразема) деп екі топқа топтастыруы Т.Н.Дербукованың классификациясы негізінде жасалған. Н.Н.Амосова ұсынған классификациясы ағылшын тілінің фразеологиялық бірліктерін тек қана екі топқа бөлу аздық ететінін А.В.Кунин өз еңбегінде дәлелдеп айтқан. [8, 290- б]. Дәл осы Н.Н. Амосова ұсынған топтастыруды қазақ лингвисті І.Кеңесбаевта қазақ тілінің фразеологиялық бірліктерін зерттегенде топтастырған. І.Кеңесбаевтың фразеологизмдерді топтастыруы 1940 жылдан 1970 жылға дейін қазақ тіл білімінде фразеологизмдерді бірден – бір топтастыру ретінде пайдаланылып келген. 1970 жылдардан бастап В.В.Виноградов пен Н.М.Шанскийдің үлгісі бойынша фразеологизмдердің біртұтас мағынасы мен құрастырушы сыңарлары мағыналарының арақатынасы тұрғысынан қазақ тіліндегі фразеологизмдерді төрт топқа бөлу тәжірибесі қалыптасты [7].

Ал, А.В.Кунин өз зерттеулеріне сүйене отырып заманағой ағылшын тілінің фразеологиялық бірліктерін семантикалық құрылымы жағынан төмендегідей топтарға бөледі:

1. Номинативті фразеологиялық бірліктер: shoulder to shoulder, under false colours, see how the land lies;

2. Номинативті-қатысымдық фразеологиялық бірліктер: break the ice-the ice is broken сияқты сөйлемге енген кезде ырықсыз етіске айналатын етістікті сөз тіркестер;

3. Номинативті немесе қатысымдыққа жатпайтын сипаттағы фразеологиялық бірліктер: одағайлы сөз тіркестер, аз мөлшерде предикативті одағайлар кіреді. Одағайлы фразеологизмдерді сипаттайтын негізгі белгі - олардың сыңарларының мағынасының толық экспрессивті өзгеруі. Мысалы, by love! Jesus Christ! Pull baker.

4. Қатысымдық фразеологиялық бірліктерге мақал-мәтелдер жатады. Мысалы, charity begins at home, Rome was not build in a day, Cut your coat according to your cloth. [8, 312-338 б].

Халықтың дүниетанымы, өмірге және қоршаған ортаға деген көзқарасы, салт-дәстүрі, көңіл-күйі әр халықтың жалпы фразеологиясынан көрініс табады. Фразеологиялық бірліктер жекеленген өмір құбылысына нақты баға беретін, ғасырлар бойы атадан балаға мұра ретінде беріліп отыратын, әр халықтың өмірінен қызықты деректерді өз бойына жинақтаған халық мұрасы. Сондықтан, туыстығы жоқ, құрылымы әр түрлі тілдердегі фразеологиялық бірліктердің ерекшеліктері мен ұқсастықтарын зерттеу - әр тілдің өрнек бояуын, ұлттық ерекшелігін, менталитетін, қайталанбас қасиетін танып білуге мүмкіндік береді.

Фразеологизмдердің ерекшеліктері дегеніміз – үнемі мағыналық тұтастықта, тіркестік тиянақтылықта, құрылымның тұрақтылығында болып келетін, адамның көңіл-күйі, ішкі сезім дүниесінің терең қатпарларына қозғау сала аларлықтай әсерлі, этнос бітімін, ұлт болмысын «бейнелер галереясы» іспетті бейнелейтін, сөзбен өрілетін, ойды әуезділікпен көмкеріп, оған аса бір көркемдік, нақтылық, ықшамдылық дарытатын тұрақты сөз тіркестерінің төлума қасиеттері болып табылады [9].

Ендігі кезекте, ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің құрылымдық сипатын айқындау арқылы ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің типологиялық ерекшеліктерін, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтаймыз.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің сөз табына қатыстылығын әрбір тіркестегі сөздердің грамматикалық сипатына қарап танып білуге болады. Алайда,

фразеологизмдердегі негізгі сөздердің лексика-грамматикалық мағынасы мен фразеологизмдерді тудыратын мағыналары үнемі сәйкес келе бермейді.

Тілдегі фразеологизмдердің мағыналық астарында қазақ және ағылшын халықтарының ерте уақыттан бергі өмірінің бүкіл қыр-сыры жан-жақты сақталып суреттеледі. Халықтың күн-көріс, тұрмыс-тіршілік негізінде өрбіген түсінік пайымдаулары, соған байланысты қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары тілдік қолданыстағы фразеологизмдерден көрініс табады.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық тіркестер құрылымы мен мазмұны жағынан алуан түрлі, олардың басым бөлігі халықтың тарихын, наным-сенімін, көз-қарасын бейнелей отырып, оның өткен өміріне тамырын терең жаяды.

Фразеологиялық тіркестердің қандай да бір категориясының түзілуіне экстралингвистикалық факторлардың жоғары немесе төмен дәрежеде ықпал етуі жөнінде айта кеткен орынды. Мысалы, Қиыр Солтүстік пен Сібірдегі түркі халықтары тілінің лексика-фразеологиялық категориялары өзінде бұғы шаруашылығының немесе аң аулау кәсіпшілігінің ерекшеліктерін, ал Орта Азия халықтарында мақта және бау-бақша өсіру шаруашылығының ерекшеліктерін, Волга бойындағы халықтарында балық аулау шаруашылығының ерекшеліктерін қамтиды. Төрт түлік мал қазақ халқының күн көріс көзі болғандықтан, ана тіліміз төрт түлікке байланысты фразеологизмдерге бай.

Тілде көрініс табатын ұлттық ерекшеліктер фразеологизмнің құрамындағы ұлттық мәдени компонентімен байланысты. Мысалы, үй жануарларының тақырып тобын қарасақ, қазақ тілінің фразеологиялық бірліктерінде көбіне қой, жылқы, түйе компоненттері (сыңарлары), ал ағылшын тілінде мысық, ит, шошқа, тауық, қаз компоненттері жиі қолданылады: *to live like cat and dog, as red as a turkey-cock, eat like a pig, squeal like a pig*.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің басым бөлігінің қалыптасуына ақын-жазушылардың қаламынан туып, пайда болуы өз әсерін тигізген. Мұндай фразеологизмдердің ағылшын тілінде қалыптасуында Вильям Шекспирдің шығармаларын айтсақ болады. Көлемі жағынан «шекспиризм» діни фразеологизмдерден кейін екінші орын алатын көрінеді, ал саны жағынан жүзден астам.

Көптеген шекспиризмдер құрылым мен құрылысы жағынан бүгінгі күннің қолданысында біршама өзгерістерге ұшыраған. Мысалы, *to wear one's heart upon one's sleeve for days to peck at* (“Othello”) – өз сезімді ашық айту, қазіргі ағылшын тілінде қысқартылып *wear one's heart upon one's sleeve* деп қолданылады. Сонымен қатар, *upon* демеулігінің орнына *on* демеулігін қолдануға болады. Мысалы, “*I think if we all wore our hearts on our sleeves a bit more we'd all get on a lot better*” (The Times); *Buy golden opinions* – өзі тұралы мақтау сөздерге лайық болу, тандандыру, қазіргі ағылшын тілінде *buy* етістігінің орнына *win* етістігі қолданылуы қалыптасқан – *win golden opinions*; *At one fell swoop* (“Macbeth”) – бір жұдырықпен, фразеологизмі қысқартылып *at one swoop* деп қолданыла кетті. *To be or not to be* (“Hamlet”) – сөзбе сөз: болсын әлде болмасын; *A fool's paradise* – қиял әлемі, елес бақыт. Шекспирден басқа жазушылар да ағылшын фразеологизмдерінің толығына өз үлестерін қосқан. *As cool as cucumber* (“Poems on several Occasions”) – өте сабырлы; *the almighty dollar* (V.Irving) – құдіретті доллар (ирониялық түрде); *ships that pass in the night* (“Tales of Wayside Inn”) – кездейсоқ, қысқа уақытқа кездесу.

Қазақ тіліндегі көптеген фразеологизмдер ұлы Абайдың шығармаларында алғаш қолданылып, жалпыға ортақ тіркес ретінде пайдаланылып келеді. Мұның себебі, олар халыққа мағынасы жағынан түсінікті. Мысалы, *бас-басына би болу, бейнет сусынын ішу, дерт алу, артық көру*. Сонымен қатар, Абайдың шығармаларынан алынған *еңбек сауу, қызықты ұрлау, сақалын сату, аяқты шалыс басу, басқа шауып, төске өрлеу* тәрізді фразеологизмдер күнделікті өмірде, публицистикада жиі қолданылады. Жоғарыда аталған фактілерді

қорытындылаудың нәтижесінде, ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің қалыптасуында екі елдің тарихы, рухани және материалдық мәдени дәстүрі себеп болған деген тұжырымды растауға болады.

Ағылшын тіліндегі кейбір фразеологизмдердің құрамындағы етістік тек қана Passive Voice формасында қолданылады. Мысалы: «be bogged down» - белгілі бір әрекеттен бас алмай, «be flooded with» - бір нәрсеге толы болу дегенді білдіреді. Көптеген фразеологизмдердің құрамындағы зат есімдер жекеше де, көпше де түрде қолданылады. Мысалы: жекешеде «to keep one's head above water» - ауыртпалықпен күресу; «to set one's cap at somebody» - артынан қалмай. Ал, көпше түрде: «they keep their heads above water» - олар ауыртпалықпен өздері күреседі; «they were all setting their caps at me» - олардың бәрі артымнан қалмады.

Ағылшын тіліндегі фразеологизмдердің мағына ерекшелігі – олардың құрамындағы артикльдің қолдану қолданылмауына және қандай артикль қолданғанына да байланысты. Мысалы, «to go to the sea» - теңізге бару; «to go to sea» - теңізші (морьяк) болу; «to draw a line» - сызық сызу; «to draw the line» - шекараны белгілеу.

Ағылшын тіліндегі фразеологизмдердің көпшілігі предлогтармен (демеулік) қолданылады. Мысалы, «to throw mud at smb» - жамандау; «to put a spoke in smb.'s wheel» - жолын кесу, кедергі жасау; «to keep one's pecker up» - еңсесін түсірмей; «hit the nail on the head» - дөп түсу, т.б.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдердің құрылымдық сипатын талдау барысында, олардың өзіндік ерекшеліктерін байқадық. Елімізде фразеологизмдерді зерттеумен айналысқан ғалымдар Ш.У. Рахматуллаев, З.Г. Ураксин, Е.Л.Байрамова, М.Ф.Чернов фразеологизмдердің құрылымы жан-жақты қарастырылып, жеке тілдердің фразеологизмдері өздеріне ғана тән құрылымдық сипатқа ие екенін дәлелдеді.

Лингвист А.В.Кунин өз еңбегінде «Ағылшын тіліндегі фразеологизмдердің компонент құрылымы сан қилы, сондықтан олардың құрылымына байланысты нақты деректер береміз деп айта алмаймыз», - деп жазады [10].

Кез келген тілдің фразеологиялық тіркестерінің ерекшеліктерін анықтау күрделі де, сатылы үрдіс болып есептелінеді. Фразеологиялық ерекшеліктерді анықтауда екі немесе бірнеше тілдерді салыстыра отырып талдап, жүйелі зерттеуді қажет етеді.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің құрылымына байланысты жалпы фразеологизмдердің төмендегідей топтарын анықтауға болады:

1.Екі сыңарлы фразеологизмдер; 2. Үш сыңарлы фразеологизмдер; 3.Төрт немесе одан да көп сыңарлы фразеологизмдер.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі сәйкес келетін фразеологизмдерді үш топқа бөлуге болады. Төменде (5-сурет)көрсетілгеніндей, қос тілдің туыстық жағынан мүлде бөлек тілдер семьясына жататынына қарамастан, фразеологизмдерді топтастыруда өзіндік айырмашылықтармен қатар ұқсастықтардың да бар екенін көрсетеді.

5-сурет

Қос тілде сөздік құрамы және мағынасы жағынан ұқсас фразеологизмдер	• Apple of one's eye; be in two minds; • Көздің қарашығындай; екі ойлы болу;
Қос тілде мағыналас жағынан ұқсас фразеологизмдер	• As you lay the bed, you lie on it; • Не ексең, соны орасың;
Аударуға келмейтін, бірегей фразеологизмдер	• Real McCoy, go through the motions; • Апама жездем сай, ат салысу.

Қос тілдегі фразеологизмдердің құрылымдық жағынан бір-біріне сәйкес келмеушілігі, ағылшын және қазақ тілдерінің туыс емес тілдер екендігімен, әрі басқа да әлеуметтік-мәдени факторлардың әсер етуімен сипатталады.

Қорытындылай келе, біз жұмысымызда аталған ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстыра отырып, шетел тілін үйрету барысында оларды кеңінен қолдану арқылы студенттердің танымдық қызығушылығын арттырамыз деуге болады. Сонымен қоса, тілін үйреніп жатқан елдің тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, наным-сенімдерін, тілдік мінез-құлқындағы ұлттық ерекшеліктері топтасқан фразеологизмдерді тіл иегерлерімен қарым-қатынас жағдайында дұрыс қолдану, яғни, мәдениетаралық тілдесімде сәтті қолдана алу - қарым-қатынасқа түскенде кедергілерсіз жүзеге асады деп қорытындылаймыз.

1. Лингвистический энциклопедический словарь. Москва, 1990. С-559.
2. К.Аханов. Тіл біліміне кіріспе. Мектеп, 1973
3. Ш.Балли. Французская стилистика. – М: Эдиториал УРСС, 2001
4. І.Кеңесбаев. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым баспасы, 1977. 458-б.
5. Н.Н. Амосова. «О диахроническом анализе фразеологических единиц. Исследования по английской филологии». Сб.//, Л., 1965.
6. В.В.Виноградов. Основные понятия русской фразеологии как лингвистической дисциплины. Сб. «Труды юбилейной научной сессии ЛГУ», Л., 1946
7. К.Аханов. Тіл білімінің негіздері. Мектеп баспасы. 1973ж. 218-219 б.
8. А.В.Кунин. Английская фразеология. Москва. Изд-во: Высшая школа. 1970.
9. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Мектеп, 1978. 425-б.
10. А.В.Кунин. Курс фразеологии современного английского языка. Москва. 1996. С-368.
11. Фразеологизм. Электронный ресурс. Режим доступа URL: <http://ru.wikipedia.org/wiki/>

Резюме

Сактаганова К.К. - магистрантка 2 курса по специальности
«6М011900- иностранный язык: два иностранных языка» КазНПУ
им.Абая. kamajay.sk@mail.ru

Научный руководитель: Абдрахимова Г.Б – к.ф.н., доцента кафедры
профессиональной иноязычной коммуникации КазНПУ им.Абая
gulnara-agb@mail.ru

Особенности фразеологизмов английского и казахского языка

В данной статье рассматриваются особенности фразеологизмов английского и казахского языков. Общая черта фразеологизмов английского и казахского языков- это целостность и единство смысла, а внутри предложения являются одним членом предложения. Материалы, собранные в двух языках, показывают, что внешняя структура фразеологизмов может быть двух-, трех- и более компонентной и порой представляют собой целые предложения. Формирование фразеологизмов в обоих языках происходит в прямой зависимости от национально-культурных, бытовых и религиозных особенностей народа, отражая тем самым духовное богатство каждого народа.
Ключевые слова: фразеологизмы, свободное словосочетание, фразеология, фразеологические единицы.

Summary

Saktaganova K.K. - the 2nd course master, specialty of «Foreign language «two foreign languages» kamajay.sk@mail.ru.

Scientific supervisor: **Abdrakhimova G.B.** - candidate of philology sciences, lecturer in chair of Professional Foreign language communication at KazNPU named after Abai. gulnara-agb@mail.ru

Features of phraseology of English and Kazakh language.

This article deals with the problem especially phraseology of the English and Kazakh language. A common feature of phraseology in English and Kazakh language is - being one kind word expresses one concept / in the integrity and unity of meaning /, by syntax also one part of a sentence. Materials collected in two languages indicate that external structure of phraseology can be two, three or more words, and even as the component of a whole sentences.

Formation of phraseology in both languages are directly connected with national-cultural, domestic and religious peculiarities of the people, reflecting the spiritual riches of every nation.

Key words: idioms, free collocation, phraseology, phraseological units.

ӘОЖ 372.65 943 271

Ағылшын тіліндегі идиомалардың қазақ тіліне лингвомәдени негізде берілу жолдары

Г.О.БЕРКИНБАЕВА - Абай атындағы ҚазҰПУ-нің кәсіби бағыттағы тілдер кафедрасының оқытушысы, Gulnazken@mail.ru

Тіл мен мәдениет арасындағы қарым-қатынас қазіргі заманғы лингвистиканың маңызды бөлігі болуымен қатар антропоцентризм идеясы ретінде сипатталады. Осы парадигманың қалыптасуы идиомалардың мәдениетте алатын орнын зерттеуге қызығушылық туғызды. Қазіргі заманғы лингвистика лингвомәдениет мәселелерін зерттеу арқылы антропоцентристік парадигманың аясында ерекше орынға ие болып отыр. Берілген мақала лингвомәдени зерттеу әдістері шеңберінде жазылған. Ағылшын тіліндегі идиомалардың ұлттық және мәдени болмысы қарастырылып отырған тілді қолданушы халықтың мәдени ерекшеліктеріне сәйкес қарастырылған.

Түйін сөздер: фразеологизмдер, идиома, тілдік афоризмдер, фразеологиялық бірліктер, семантикалық сөз мағынасы.

Сөз сөз тіркесіне сөйлемге тірек болады. Сөз жеке бір ұғымды, лексика-грамматикалық мағынаны білдіреді. Сөйлем ойды жеткізудің және қарым-қатынас жасаудың негізгі формасы ал сөз болса, сөйлем құраудың материалы және ой құраудың арқауы. Кез келген сөз бір-бірімен тіркесе алмайды. Сөздердің өзара тіркесуі олардың мағыналық-грамматикалық ерекшелігінен басталады. Сөздердің тіркесуі екі түрлі жолмен жасалады: біріншісі — тұрақты сөз тіркесі, екіншісі — еркін сөз тіркесі. Идиомалық, фразалық тіркестер тұрақты сөз тіркестеріне жатады. Тілдің лексикасында қаралатын лексикалық бірліктерден басқа тіл бірліктерінің тұрақты сөз тіркестері деп аталатын неғұрлым күрделі ерекше түрі қалыптасқан. Бұларды тіл білімінің фразеология саласы зерттейді.

М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаевтар «Қазақ тілінің стилистикасында» фразеологизмдердің аудармасына арнайы тоқтаған. Мұнда авторлар мәселенің қиындығын айтып қарап отырмай, идиомаларды аударудың әртүрлі жолдарын қарастырады. Үш түрлі тәсіл болуы ықтимал екенін дәлелдейді. Ол қандай тәсілдер:

Біріншіден, «фразеологизмдерді аударуда оның жалпы мағынасы беріледі».

Екіншіден, «фразеологизмдерді аударуда олардың өзара мәндес келетіндігі ескерілетінін» айтады. Тіл–тілдегі фразеологизмдерді өзара сәйкес, мәндес келуі, шынында да аударманың жатық, түсінікті болуына септігін тигізеді. Мұның аударма жұмысын едәуір жеңілдететіні сөзсіз.

Үшіншіден, «көптеген тұрақты сөз тіркестері бір тілден екінші бір тілге сөзбе-сөз аударылады». Бұл тұста авторлар тұрақты сөз тіркестерінің басқа түрінен фразеологизмдерді бөліп алады. Мұндағы аудармалар – әр тілдің фразеологизмдердің қорын байытатын көз. Осымен бірге сөзбе-сөз аударманың өрескел қатеге апарып соқтыратын сәтсіз мысалдарын да әртүрлі саяси көркем әдебиеттен алып көрсетеді

«Қош бол қару» (Farewell to arms) шығармасында кездесетін идиомаларды лингвомәдени негізде берілу жолдары .

Miss Helen Ferguson wishes that a lot of official *red tape* could be cut so that we could get out military permissions out more quickly – Хелен Фергусон ханым әскери рұқсатнамаларды тезірек алу мақсатында шексіз құжаттарды талап ететін *бюракратизмнен* құтылғысы келетінін жасырмады.

Лингвомәдени аспектісі бойынша талдау: Red tape – (с.с.ауд. қызыл бау)бюракратизм. Бюракратизм – адамның іс-әрекетін және үрдісті баяулататын ресмилік және қағаз бастылық.

Шығу тарихы. XVII ғасырдан бастап заңды және ресми құжаттарды қызыл баумен байлаған. Аталған идиомалық тіркес ең алғаш 1696–1715жж. Мэриленда заңдарында қолданылған.

Do not let Miss Berkley to confuse you with any *red herring!* – Мисс Берклиге сізді жаңылыстырып, *аңсарыңызды өзге затқа аударуына* жол бермеңіз!

Лингвомәдени аспектісі бойынша талдау: A red herring (с.с.ауд. қызыл майшабақ) – маңызды сұраққа көңіл бөлмеу үшін адамды алдау немесе көңілін басқа затқа аудару. Берілген тіркес оқырманды немесе көрерменді жалған қорытынды жасауына әкеліп соқтыратын логикалық қате немесе әдеби тәсіл.

Шығу тарихы. Ертеде аңшылар иттердің тура жолдан тайып, көңілін басқа иістерге алаңдату үшін арқан балықты (еті нәзік қызғылт түсті ірі қызыл балық) қолданған.

Every little white lie you tell is still a lie and it is still meant to mislead people – Сенің әрбір айтқан зарарсыз өтірігің әзірге дейін жалған өтірік және ол адамдардың жаңылысуына әкеп соқтырады.

Лингвомәдени аспектісі бойынша талдау: A (little) white lie – (с.с.ауд. (кішкентай) ақ өтірік) азғана, сыпайы немесе ешқандай зияны жоқ, ойдан құрастырылған өтірік.

Шығу тарихы – ақ түс жақсылықтың нышаны, ал қара түс қара ниеттің белгісі.

A (little) white lie–((кішкентай) ақ өтірік) – кешіруге болады, себебі ол өтіріктен келетін ешқандай қауіп-қатер жоқ. Мысалы, егер сіз өзіңізді нашар сезініп тұрсаңыз, досыңыздың көңіліне қарап бәрі жақсы деп алдай аласыз. Бұл өтіріктің түрін көп жағдайда адамдарды ренжітіп алмау үшін қолданады.

Break a leg in your game today – Бүгінгі ойында асығың алышысынан түссін.

Лингвомәдени аспектісі бойынша талдау: Break a leg – (с.с.ауд. аяғын сындыру) сәттілік тілеу.

Шығу тарихы – аяғын сындыру ескі наным сенімнен шыққан. Сәттілік тілеу дегенді білдіреді, бірақ сол уақыттарда адамдар үшін перілерге сену қалыпты нәрсе болған. Перілер шындығында, залал әкеледі деп есептелген елестер.

Егер Перілер сенің тілегінді естісе, олар соған қарама қайшы нәрсені болдыруға тырысқан. Біреуге жақсылық тілеу деген Перілерден қулық асырып жақсы нәрсенің орын алуын тілеу деген мағынада.

He was a really big cheese during the war – Соғыс кезінде ол қой ішіндегі марқасы болды.

Лингвомәдени аспектісі бойынша талдау: Big cheese – (с.с.ауд. үлкен ірімшік) кәсіпкерліктегі маңызды ықпалды адам.

Шығу тарихы – ерте 1800 жылдарда алғашқы рет қолданылған және шығу тегі біраз таласқа тудырған. Кейбіреулері Урду тіліндегі «chiz» or «cheese» сөзінен шыққан десе, бірақ басқалары Ағылшын тіліндегі «chief» сөзімен байланыстырады. Үлкен мылтық 1800 жылдың басында шыққан көне сөз, үлкен атыс 1920 жылдарда көп қолданысқа ие болды, әсіресе, қарақшылардың тілінде қолданылды.

I didn't know that he could run so well. He is such a *dark horse* – Үндемегеннен үйдей бәле шығады дегендей, мен оның жақсы жүгіретінін айтатынын білмедім.

Лингвомәдени аспектісі бойынша талдау: Dark horse– (с.с.ауд. қара жылқы) көптің арасында танымал емес адамның аз уақыт ішінде атаққа ие болуы. Ат жарыстарда қолданылатын сөз болған.

Шығу тарихы – аталған идиома кейіннен басқа салада да кеңінен қолданысқа ие болды және осыған дейін аз беделге ие болып танымал болған адамға қаратылып айтыла бастады. Осыған дейін ешқандай көзге ілінбеген торы жылқы кенеттен жарқ етіп шыға келді. Аталған идиома алғашқыда жоғары лауазымды қызметке үміткерлер туралы сөз қозғаған кезде алынған секілді көрінеді.

When you know what you're doing, it's a *piece of cake* – Егер сен өз жұмысыңды жақсы білсең, ол іс саған *шекілдеуік шаққандай* болады.

Лингвомәдени аспектісі бойынша талдау: Piece of cake – (с.с.ауд. торттың бөлігі)– ешқандай қиындықсыз іске асырылатын оңай іс.

Шығу тарихы. Торт бөлігін жеуден оңай нәрсе бар ма? Алғашқы сілтеме Primrose Path авторы Американдық поэт Оден Наш «Өмірдің торт бөлігі» деп нақыл сөз айтқан кезде 1930 жылдарда көрсетілген. Сол уақыттан бері аталған идиома кеңінен таралды.

He wanted everyone to believe he had a lot of experience, but I think he was just *blowing smoke* – Ол барлығының өзінің тәжірибесі мол екеніне сенгенің қалады, бірақ менің ойымша ол жай ғана *жер қаптырып* тұр.

Лингвомәдени аспектісі бойынша талдау: Blowing smoke (с.с.ауд. темекіні үрлеу) – алдау.

Шығу тарихы. Сиқыршылар өздерінің қойылымдарында бейнені қараңғылау үшін және өтірікерінің бетін жабу мақсатында қолданады.

Oh, Tenente, you are so kind person like *goody two shoes* – О, Тененте, сен өте ақкөңіл, *терісі кең* жансын.

Лингвомәдени аспектісі бойынша талдау: Goody two shoes – (с.с.а. екі аяқ киім) – ақкөңіл.

Шығу тарихы. Идиома 1700 жылдардағы балалар өлеңдерінен алынған және кедей жітеміге қатысты айтылған. Жетімнің кедей болғаны соншалық тек жалғыз аяқ киімі болған. Бай адам оған бір пар аяқ киім береді және оның қарапайымдылығы, ақкөңілділігі сонсалықты, екі жұп аяқ киімге ие болғанына өте бақытты күй кешеді.

1. Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелері. – Алматы: Арыс, 1999. – 215 б.

2. Бархударов Л.С. Уровни языковой иерархий и перевод. Тетради переводчика. – М., 1969. – 112 с.

3. Федоров А.В. Основы общей теории перевода. – М.: Высшая школа, 1983. – 303 с.
4. Айтбаев Ө.А. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. - Алматы: Ғылым – 1975. – 227 б.
5. Hemingway E. A Farewell to arms.—Ленинград: Просвещение, 1971

Резюме

Лингво-культурологические основы передачи английских идиом на казахский язык

Г.О.БЕРКИНБАЕВА - преподаватель кафедры профессионально ориентированных языков

КазНПУ им. Абая, Gulnazken@mail.ru

Вопрос о соотношении языка и культуры является центральным в современной лингвистике, характеризуется идеей антропоцентризма. Формирование данной парадигмы привело к интересу проблематики в сторону идиом его места в культуре. В свете антропоцентрической парадигмы в лингвистике изучение лингвокультурологических проблем приобретает в современном языкознании особую значимость.

Данная статья выполнена в рамках лингвокультурологических подходов. Национально- культурная природа идиоматических выражении английского языка рассматривается в аспекте национально-культурной специфики народа-носителя рассматриваемых языка.

Ключевые слова: фразеологизмы, идиома, языковые афоризмы, фразеологические единицы, коннотативная семантика

Resume

Lingo cultural aspect of conveying English idioms into Kazakh

G.O.BERKINBAEVA - *Lecturer M.A., Chair of professionally-oriented languages, KazNPU named after Abai, G u l n a z k e n@mail.ru*

The issue of language and culture correlation is the central one in contemporary linguistics, being characterized by the idea of anthropocentrism. Formation of this paradigm has resulted in the raising interest of the problem towards idiomatic expressions and its role in culture. In the light of anthropocentric paradigm in linguistics, the study of lingvo-cultural issues acquires a specific importance in contemporary linguistics.

The article has been conducted within lingvo-cultural approach. The national and cultural nature of idiomatic expressions in English is seen in the aspect of national and cultural specificity of the nation-bearer of the investigated languages and cultures from contrastive viewpoint.

Key words: phraseology, idiom, language aphorisms, phrase logical units, connotive semantics.

УДК 373.016:81

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ЗАҢ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ.

Асқарова С.А. – *ф.ғ.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ (askarova.1950@mail.ru)*

Тілдің лексико-семантикалық жүйесінің құраушы бөлігі болып табылатын терминологиялық лексиканың коммуникативтік қызметі белгілі бір сала шегінде және ғылыми пән мамандары арасында өзара түсіністікті қамтамасыз ету.

Қазіргі кезеңде ғылыми және техникалық мәліметтердің көлемі айтарлықтай ұлғайды, терминдер мен номенклатуралар атаулары көбейді. Заң терминдерінің басты дифференциалды белгісі ретінде мамандықтағы арнайы ұғымды білдіру қызметі ерекшеленеді.

Заң терминологиялық жүйесінің элементтері терминдер, терминологиялық сөз тіркестері және қысқарған сөздер болып табылады. Қарастырылып отырған термин жүйесі ағылшын тілінің белсенді бөліктеріне жатады. Заң терминдерінің түзілуінің негізгі тәсілдері - жаңа терминдердің жасалуы, жалпы қолданылатын сөздердің терминологизациясы, терминологиялық кірме сөздер.

Заң ғылымының терминологиялық жүйесі - мазмұны және байланыстары осы білім саласы негізінде бекітілген белгілер жүйесі. Заң ғылымы құрылымы бойынша жеке салаларға бөлінеді, соның шегінде терминологиялық микрожүйе құрамына кіре отырып арнайы лексиканы құрайды: "Конституциялық құқық", "Әкімшілік құқық", "Азаматтық құқық", "Қылмыстық құқық", "Еңбек құқығы", "Отбасылық құқық", "Қаржы құқығы", "Азаматтық процессуальдық құқық", "Қылмыстық-процессуальдық құқық", "Халықаралық құқық".

Түйін сөздер: терминдер, заң терминдері, кәсіби ұғым, көпмағыналылық, азаматтық процессуальдық құқық, шағым, келісімшарт.

Терминдердің және жалпы қолданылатын сөздердің мағыналық мазмұнын салыстырған кезде зерттеушілер жалпы қолданылатын сөздер - жалпы мағынаны немесе тұрмыстық ұғымдарды, терминдер - арнайы-мамандықтағы, ғылыми немесе техникалық ұғымдарды білдіретінін айтқан [1,37]. Мысалы, заң сөздігінде *complaint* терминіне 1. a formal document used to start certain types of criminal proceedings in a magistrates' court, or the process of using such a document to start proceedings.

2. a formal allegation of a crime" анықтамасы берілген [2,116].

Complaint сөзі контекстілерде "complaint about health, lodge a complaint, complaint book(книга жалоб)" терминологиялық емес мағынада қолданылып, жалпы ұғымды білдіреді. *Arrest* терминінің анықтамасы заң сөздігінде қолданылуы: "the apprehension of a person suspected of a criminal activities"[18, 40]. Арнайы мәтіндерде *arrest* сөзі терминологиялық мағынада қолданылады және кәсіби ұғымды білдіреді: "When an arrest is made, the accused must be told that he is being arrested and given the ground for his arrest". Осы сөз басқа сөйлеу стильдерінде тұрмыстық ұғымды білдіреді. Салыстырыңыз: "arrest somebody's attention, arrested development".

Арнайы-мамандандырылған және тұрмыстық ұғымдар арасындағы айырмашылық ғылыми ұғымдардың сөздің нақты мағынасын білдіруінде, ал тұрмыстық ұғымдар жуықтау дәрежесіне жол береді.

Заң тілінде *treaty* терминіне былайша анықтама берілген: " An international agreement in writing between two states (a bilateral treaty) or a number of states (a multilateral treaty). Such agreement can also be known as convention, pacts, protocols, final acts, agreements, and general acts"[18,558]. Осы анықтамадан *treaty* терминіне тән белгілерді бөліп айтуға болады: 1.

An international agreement;2.in writing. Ал дәл осы терминге тілдік коммуникацияның арнайы емес саласында мынадай анықтама беріледі: "a formal agreement between two or more countries"[3,1650].

Сонымен, кәсіби ұғым пәннің маңызды белгілерін, ал жалпы қолданылатын сөздердің мағынасы болмашы ғана белгілерін бейнелейді, яғни сыртқы байланыстар мен қатынастарды.

Ағылшын тіліндегі заң терминдерінің талдауы заң ғылымының терминологиялық жүйесіне жалпы қолданылатын тілдің лексикасының лексико-семантикалық құбылыстары да тән екенін көрсетті.

Көпмағыналық құбылысы (полисемии) "әдетте сол сөздің алғашқы мағынасының дамуы нәтежиесінде туындайтын бір сөздің бір-бірімен байланысты бірнеше мағынасының болуы" дегенді білдіреді [4,178]. Заң терминологиясында көпмағыналы терминдердің саны жеткілікті, сонымен қатар көпмағыналы тар шеңберлі мамандықтағы терминдер (экзекватура), сондай-ақ кең мағынада қолданылатын терминдер. *Protocol* көп мағыналы терминінің 4 мағынасы бар: 1. The original draft of a document. 2. An international agreement of a less formal nature than a treaty. 3. A code of procedure. 4. Minutes of a meeting setting out matters of agreement [2, 436].

Қарастырып отырған термин жүйесінде *warrant* термині екі түрлі мағынада қолданылады: 1. A document authorizing some action, especially the payment of money. 2. A written document issued by the magistrate for the arrest of a person or the search of his property[2,586].

Заң терминологиясында көп мағыналылық тек сөздерге ғана емес, сондай-ақ сөз тіркестеріне де тән болып келеді. Мысалы: *privileged communication* құрамды термині 3 түрлі мағынада қолданылады: 1.A confidential official communication that may be withheld from production in court proceedings because disclosure of its contents would be against the public interests. 2. A communication between parties in a confidential relationship, such as solicitor and client, evidence of which may not be given without the consent of the party to whom the privilege belongs. 3. A communication protected by absolute privilege or by qualified privilege. Бірақ термин-сөздерге қарағанда терминологиялық сөз тіркестерінің көпмағыналы болуы салыстырмалы түрде аз.

Заң терминдерінің морфологиялық құрылымы әр түрлі – зат есім, етістік, сын есім, үстеу терминдер. Заң тілінде олар дербес, сондай-ақ терминологиялық сөз тіркестері құрамында қолданылуы мүмкін. Заң терминологиясының есімдік сипатын атап өткен жөн. Сын есімдер және

есімшелер құрама терминдердің қажетті компоненті бола отырып термин жасауға белсене қатысады. Соңғылары заттанып, жеке қолданылуы мүмкін: *capability, falsification*. Сонымен қатар, заңгерлердің кәсіби тілінде етістіктер де жиі қолданылады: *to judge, to investigate, to accuse, to appeal*.

Заң терминологиясының сапалық құрылымының ерекшелігі терминологиялық сөз тіркестерінің бір сөзді заң терминдерінен басым болуында. Терминологиялық сөз тіркесінің тірек компоненттері – бір сөзді терминдер. Заң терминологиясының құрамында жай және күрделі терминологиялық сөз тіркестері ажыратылады. Біреуі басыңқы, екіншісі бағыныңқы болып келетін екі атауыш сөзден тұратындар – жай терминологиялық сөз тіркесі деп есептеледі. Бұл мынадай сөз тіркестері: *constitutional right, administrative law, arbitration court, civil legislation, independent contractor, corrective works, chief prosecutor, capital punishment, criminal records, restricted treaty, search party, search warrant, high treason, unitary state* және т.б.

Бағыныңқы сөздер негізгі компоненттің терминологиялық мағынасының әр түрлі аспектілерін анықтайтын терминологиялық сөз тіркестері – күрделі сөз тіркестеріне жатады. Олар төмендегідей сипаттағы терминологиялық сөз тіркестері: *get away unpunished, verdict of guilty, voting by ballot, investigatory isolation ward, born in wedlock, fraud by officer, come into effect, enter into agreement, freedom of choice, freedom of speech, imprisonment for life, law of nations* және т.б.

Басыңқы сөздің морфологиялық типі бойынша терминдік сөз тіркесін Пак Т.Т. [5] өзінің жұмысында былайша анықтайды:

1. Субстантивті сөз тіркестері (басты орында зат есімдер):
 - a) «N+N» - предлогсыз: *administer punishment, ballot day, jury box, court ruling, family court, law arbitrary, business law, government office, bag stealer, job bias, police station* және т.б.
 - b) «Adj.+N»: *legal assistance, bad judgement, civil action, civil rights, compulsory payment, legal custody, unlawful custody, deceitful witness, national court, unlawful oath, political offender, conditional pardon* және т.б.
 - c) «Participle+N»: *defeated party, faked diamonds, faked report, armed neutrality, qualified neutrality, convicted offender, reigning monarch, aggravated robbery, armed robbery, holding zone* және т.б.
 - d) «Ordinal Numerals+N»: *first reading, second reading, third reading, third person* және т.б.

2. Адъективті сөз тіркесі (басты сөз ретінде сын есім немесе үстеу): *robbing with Violence, heavy term of imprisonment, freedom of press, free of charge, faked-up evidence* және т.б.
3. Етістікті сөз тіркестер: *commit for trial, encourage prosecution, enjoy rights, impose a fine, hearing of arguments, sustain objection* және т.б.

Заң терминдерінің оқытуда терминдердің тек бір тілді талдауын емес екі тілді талдауын қарастыру керек, яғни тек ағылшын тілінің заң терминдерін емес білім алушылардың ана тілін де ескереді. Білім алушылардың ана тілін (қазақ тілі) ескермей тілдік-оқыту материалдарын тиімді оқыту мүмкін емес.

1. Головин Б. Н., Кобрин Р. Ю. Лингвистические основы учения о терминах, Москва, 1976, 543 с.
2. A dictionary of LAW, seventh edition, edited by Jonathon Law, Elizabeth A., Oxford University Press, 2009.
3. Oxford Advanced learner's Dictionary of current English, A.S. Hornby, Oxford University Press, 2010.
4. Розенталь Д. Э., Теленкова М. А., Словарь-справочник лингвистических терминов, Москва, 1976, 543 с.
5. Т.Т. Пак , Технология модульного обучения терминологической лексике студентов юридического факультета при изучении научного стиля русской речи, Алматы, 2004, 185 с

Резюме

Аскарова С.А. – к.ф.н., доцент КазНПУ имени Абая (askarova.1950@mail.ru)

Элементы систем правовых терминологии в английском языке

В этой статье рассматриваются коммуникативная функция терминологической лексики, которая является составной частью лексико-семантической системы языка это обеспечение взаимопонимания в определенной области и специалистами научной дисциплины.

В наше время существенно возросло объем научных и технических информации, увеличилось названия терминов и номенклатур. Как главный дифференциальный знак юридических терминов выделяется функция обозначения специального значения в определенной отрасли.

Элементы системы юридического языка термины, терминологические словосочетания и сокращенные слова. Рассматриваемая терминологическая система относится к активным частям английского

языка. Основные способы образования юридических терминов – образование новых терминов, терминологическая изоляция общеупотребляемых слов, терминологические заимствованные слова.

Терминологическая система юридических терминов – это система знаков в которой содержание и связи укреплены в этой сфере знания . Юридическая наука по структуре подразделяется на отдельные отрасли, входя в состав терминологической микросистемы составляет специальную лексику: «Конституционное право», «Административное право», «Гражданское право», «Уголовное право», «Трудовое право», «Семейное право», «Финансовое право», «Гражданско- процессуальное право», «Уголовно-процессуальное право», «Международное право».

Ключевые слова: термины, юридические термины, профессиональное понятие, полисеми, гражданско- процессуальное право, договор.

Resume

Askarova S.A. – candidate of philology sciences , associate professor. KazNPU after Abay(askarova.1950@mail.ru)

Elements of law terminological system in the English language

The article deals with the communicative function of terminology and vocabulary, which is a composite part of the lexico-semantic system language is mutual understanding in a particular area and by scientific discipline.

In our time, significantly increased the amount of scientific and technical information, has increased the term names and items. The main differential sign of legal terms is the designation of a special function values in a particular sphere.

